

# ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№123 (9441) | 1954 жылғы 20 июнь Жексенбі | Шығуына 35 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП  
Орталық Комитетінде

## 1954 жылы тың, тыңайған және бұрыннан жыртылған жерлерде көтерілген парға ықтырма егістерін егу туралы

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті Қазақстанның қуаңшылық ауа райы жағдайында дәнді дақылдардан мол және тұрақты өнім алу егістік жерлерде ылғалды мол жыйнауға және сақтауға едәуір байланысты деп атап көрсетеді. Ғылыми мекемелердің зерттеулері, республика колхоздары мен совхоздарының тәжірибелері көрсеткеніндей, топырақта қысқы ылғалды мол жыйнаудың өте тиімді жолы парға ұзын сабақты өсімдіктерден ықтырмалы егіс егу болып табылады. Ықтырмалы егіс жерге қардың біркелкі, қалың тоқтауына, топырақта ылғал қорының 3-4 есе көбеюіне мүмкіншілік береді, сөйтіп, жаздық бидайдың әрбір гектарынан өнімнің 4-5 центнер, ал, қуаңшылық жылдары 2-3 есе көп алынуын қамтамасыз етеді.

Парға ықтырмалы егіс егу топырақта ылғалды мол жыйнауы және ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттырудың маңызды шараларының бірі деп ерекше мән беріп, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың солтүстік-шығыс және батыс облыстарының колхоздары мен совхоздарында тың, тыңайған және бұрыннан жыртылған жерлерде көтерілген парға ықтырмалы егіс егудің жоспарын бекітті.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республи-

каның Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Совхоздар министрлігін, облыстық және аудандық партия комитеттерін, облыстық және аудандық атқару комитеттерін колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға парға ықтырмалы егіс егудің тапсырмаларын тез жеткізуге, ол тапсырмалардың орындалуына қатаң бақылау жасауға, құнбағыстың, қышаның және жүгерінің тұқымдарын іздестіріп, жеткілікті мөлшерде әзірлеуге міндеттеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға мынадай ұсынады:

Ықтырмалы егіс үшін құнбағыс, қыша, жүгері және мақсары өсімдіктері қолданылсын;

Ықтырмалы егіс егілетін жерлер тыңғылықты өңделсін: тың және тыңайған жерлер жыртылып болысымен іле-бірі-екі ізде диселенсін, ал, керек болған жағдайда қосымша тырмалау және одан кейін ауыр қаток жүргізу қолданылсын;

Ықтырмалы егіс егуге тезінен кірісіп, оны жердің көбірек соғатын бағытына көлденең егіп, 10 июльден кешіктірмей аяқтау керек. Құнбағыс пен жүгеріден ықтырма егуді ерте аяқтау қажет;

Қышадан егілетін ықтырма бір-екі қатар, әр қатардың аралығы 8 метр, құнбағыс және жүгері дақылдарынан егіле-

тін ықтырма екі-үш қатар, қатардағы өсімдіктердің қашықтығы 60 сантиметрден және әр қатардың аралығы 12-16 метрден егілсін;

Ықтырма егуде: әрбір гектарға қыша тұқымынан 200-300 грамм, құнбағыс пен жүгері тұқымынан — 2-3 килограмм жұмсалсын;

Ықтырмалы егіс егу іске асырылған ат және трактор саяжаларымен жүргізілсін. Ықтырма егуге дизелі құралдары бар себу агрегаттарымен жүргізу жеңінен қолданылсын. Өңделмеген тың жерлерге ықтырма егуге жол берілмесін;

Жұмсақ жерлерде жыртылған ықтырма егілетін пар жаз бойына кемінде екі рет өңделсін, онда арашөптің өсіп кетуіне жол берілмесін.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті парға ықтырма егу 1955 жылы ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға бағытталған ерекше мән бар шаралар деп санап, республиканың солтүстік-шығыс және батыс облыстарының партия, совет және ауылшаруашылық органдарының назарын бұл жұмысты дер кезінде және сапалы аяқтауға аударады және олардан әрбір аудан, колхоз, МТС, совхоз бойынша ықтырмалы егіс егудің тапсырмасын сөзсіз орындалуын қамтамасыз егуді талап етті.

шілер депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Советтерінің депутаттары мен активтеріне арнаған үндеуі жарияланып отыр. Бұл — игілікті бастама.

«Біз Советтің жұмысында Коммунистік партия мен Совет үкметінің ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету жөніндегі маңызды қарарларын орындау жолындағы күреспен бірге, — дейді новопавловтықтар өзінің үндеуінде. — мәдени тұр-

ның орындалуын тексеру және ұйымдастыруда. Әрбір құрылыс бригадасының социалистік жарыста қабылдаған міндеттемесінің жүзеге асырылуы үшін колхоздар мен совхоздардың, МТС-тердің және басқа мекемелердің басшылары қажетті жағдай туғызуға міндетті. Социалистік жарыстың барысы үнемі тексеріліп; оның нәтижесі бригада жыйналыстарында, колхозшылар мен жұмысшылардың жалпы

Бүгін—ССРО Әуе Флоты күні.  
Еліміздің бейбітшілік күзетінде  
тұрған совет сұңқарларының  
даңқы арта берсін!

## ССР Одағы Қорғаныс Министрінің БҰЙРЫҒЫ

20 июнь, 1954 жыл

№ 95

Москва қаласы

Жолдастар, ұшқыштар мен штурмандар, инженерлер мен техниктер, әуе атқыштары мен радиошылары, авиация механиктері мен моторшылары, авиация өнеркәсібінің қызметкерлері!

Жолдастар, солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар!

Жолдастар, офицерлер, генералдар мен адмиралдар!  
Бүгін совет халқы және оның Қарулы Күштері ССР Одағы Әуе Флоты Күнін мейрамдап, советтік авиацияның жаңа табыстарын атап өтеді.

Сіздерді Әуе Флоты Күнімен құттықтаймын және ұшқыштардың, Әуе-Соғыс Флоты мен азаматтық авиацияның құрамындағы барлық адамдарының, авиация өнеркәсібінің конструкторлары мен барлық қызметкерлерінің қазіргі заманғы

авиация техникасын өркендетуде, біздің Әуе Флотымыздың қуатын арттыру ісінде бұдан былай да табыстарға жетуін тілеймін.

Мейрам құраметіне бұйырамын:

Бүгін, 1954 жылғы 20 июньде Отанымыздың астанасы— Москвада және одақтас республикалардың астаналарында жыйырма дүркін артиллерия атылығы, салют берілсін.

Советтік Әуе Флоты жасасын!

Қаһарман совет халқы және оның айбынды Қарулы Күштері жасасын!

Совет Үкметі жасасын!

Біздің халқымыздың коммунизм орнату жолындағы күрестегі дем беруші және басшы күші — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

ССР Одағының Қорғаныс Министрі

Совет Одағының Маршалы Н. А. БУЛГАНИН

## Ауыл-селоларды көркейте берейік!

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл ауданы,  
Новопавлов селолық Советі депутаттары мен  
активтерінің 1954 жылы елді пункттерді  
көркейту туралы

Облыстың еңбекшілер депутаттары ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің депутаттары мен активтеріне

ҮНДЕУІ

Қымбатты жолдастар!

Біздің қуатты Советтік мемлекетіміз коммунизмнің жарқын шыңына қарай сеніммен алға басуда. Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегінде тығыз топтасқан совет халқы партияның XIX съезінің қарарларын және Коммунистік партия мен Совет үкметінің мұнан кейінгі қаулыларын ойдағыдай жүзеге асыруда.

Совет адамдарының бейбіт қажырлы еңбегі коммунистік құрылыстың барлық учасқотерінде табыстан-табысқа жеткізуде. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өсуі негізінде

Ольшанск селосында 300 бастық мүйізді қара мал қорасы, 50, бастық ат қорасы, әрқайсысының сыйымдылығы 150 тонналық ошош сақтайтын үш орын және екі автомашина гаражы салынады. Бұл құрылыстар 1 септібріге дейін аяқталады.

2. Үстіміздегі жылы колхозшылар тұратын 50 үйге күрделі және 80 үйге жабайы жөндеу жүргізіледі. Мұнан басқа үш жетіжылдық және төрт бастауыш мектептердің Ольшанск селосындағы медициналық пункттердің үйлеріне 1 августқа дейін жабайы жөндеу жүргізіледі.

3. Қоғамдық үйлер мен колхозшылардың тұрғын үйлерінің

асырудың алғашқы кезеңі ойдағыдай аяқталды.

Быйыл облыс колхоздары мен совхоздары өткен жылға қарағанда дөңді дақылдардың егісін он күн ерте аяқтады. Егіс көлемі анағұрлым ұлғайды. Тек колхоздарда ғана көктемде игерілген тың және тыңайған жерлерге 80 мың гектарға жуық дөңді дақылдар себілді. Облыстың егіс даласында бітік егін қаулап өсе бастады.

Кәзір колхозшы шаруалар мен МТС және совхоз қызметкерлері егінді баптап, күту, шөп шабу, егін жыйнауға әзірлік жұмыстарын қызу жүргізуде. Сонымен қатар облысымыздың ауыл шаруашылығы қызметкерлері ауыл-селоны көркейтуді, құрылыс жұмыстарын жедел ұйымдастыруды өздерінің бүгін таңдағы басты міндеттерінің бірінен санады. Мұның өзі түсінікті де. Өйткені, егіншілік пен мал шаруашылығының мықтап өркендеуі қоғамдық құрылыстарды көбейтуді қажет етіп, село адамдарының материалдық және мәдениет тұрмысын жақсартуға түседі.

Үстіміздегі жылы облыстың совхоздары мен МТС-терін айтпағанда, колхоздар бойынша 2 мың бастық жылқы, 47 мың бастық сыйыр, 6 мың бастық бұзау, 85 мың бастық қой қоралары, 36 жабық қырман, көптеген колхоз клубтары мен балалар яслилері, колхозшылар үшін 342 үй жаңадан салынуға тиіс. Мұның үстіне ауыл-селода қоғамдық құдықтар көптеп қазылып, қоғамдық үйлер мен жеке адамдардың үйлерінің маңына көркейткіш ағаштар егілді. Колхоздар мен колхозшылар құрылыс материалдарын көптен алуға. Үстіміздегі жылдың бес айында тұтынушылар кооперациясы арқылы колхоздар 11730 текшеметр құрылыс ағаштары, 5200 текшеметр тақтай, 234 мың тонна цемент және басқа құрылыс материалдарын алды.

Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар көктемгі және жазғы дала жұмыстарымен бірге, құрылыс жұмыстарын, ауыл-селоны көркейтуді қызу ұйымдастыруда. Колхоздарда жүздеп астам арнаулы құрылыс бригадалары ұйымдастырылып, оларда мыңнан астам колхозшылар жұмыс істеп жүр. Ауыл-селоны көркейтуде, құрылыс жұмыстарын жүргізуде Петропавл ауданы, Новоавлов селолық Советінің қамтуындағы колхоздардың инициативасы басқаларға үлгі боларлықтай.

«Ленин туы» газетінің бүгінгі нөмірінде Петропавл ауданы, Новоавлов селолық Советінің депутаттары мен активтерінің 1954 жылы селолық елді пункттерді көркейтуді жөнінде социалистік жарысты ұйымдастыру туралы облыс еңбек-

шілік құрылыс пен елді пункттерді көркейтуді жөнінде маңызды мақалалары бар. Оларда «Мәдениет үйінің маңызы» және «Селолық құрылыстарды және елді пункттерді көркейтуді жөнінде нақтылы міндеттемелер алып, облыстың ауылдық, селолық, поселкелік Советтерінің депутаттары мен активтері елді пункттерді көркейтуді жөнінде социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырды».

Еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет атқомі Новоавлов селолық Советінің депутаттары мен активтерінің селолық елді пункттерді көркейтуді жөнінде социалистік жарысты ұйымдастыру туралы инициативасын мақұлдады. Сөйтіп, облыстық Советтің атқомі еңбекшілер депутаттарының аудандық Совет атқомдерін Новоавлов селолық Советінің депутаттары мен активтерінің үндеуін аудандық, ауылдық және селолық Советтердің сессияларында, сондай-ақ, колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің жыйналыстарында талқылауды ұйымдастыруға, осының негізінде үстіміздегі жылы елді пункттерді көркейтуді жөнінде социалистік жарыстың кеңінен өрістеуіне жетісуге міндеттеді.

Сондықтан ауылдық, селолық, поселкелік Советтердің кезек күтірмейтін шұғыл міндеті новоавловтықтардың үндеуіне үн қосып, колхозшы шаруалар мен жұмысшыларды және қызметшілерді елді пунктті көркейтуді жөніндегі социалистік жарысқа ұштастыра білуде болып отыр. Бұл мақсаттың ойдағыдай орындалуы үшін, ең алдымен, новоавловтықтардың үндеуін әрбір колхозшы мен жұмысшыға, қызметшіге кеңінен түсіндіріп, олардың тілектері мен ұсыныстарын еске алу арқылы социалистік жарыста көтеріңкі міндеттемелер қабылдауға жетісу қажет.

Новоавловтықтардың үндеуін талқылауға арналған сессия мәжілістері мен колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің жыйналыстарының жоғары дәрежеде өтуін ұйымдастыру керек. Мұнда депутаттар мен активтердің, колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің жұмыстағы кемшіліктерді батыл сыға алуына, ол кемшіліктерді жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасауына жетісудің зор маңызы бар. Төменнен көтерілген сын мен өзара сынды кеңінен өрістетуді арқылы селолық елді пункттерді көркейтуді жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, социалистік міндеттемелер алуға болады.

Социалистік міндеттеме қабылдау—селолық елді пункттерді көркейтуді жөніндегі игі жұмыстың бастамасы ғана. Әңгіме қабылданған социалистік міндеттеме-

лердің беттерінде, көрсеткіш тақталарында жарияланып отырылуға тиіс. Мұнда озаттардың жұмыс тәжірибелерін насихаттауды, сөйтіп, артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосуды естен шығармау қажет.

Советтердің ұйымдастыру-бұқаралық жұмысының бүкіл әсері егіншілік пен мал шаруашылығы сыяқты, селолық елді пункттерді көркейтуді жөніндегі социалистік жарысты пәрменді ұйымдастыруға арнауға тиіс. Бұл жөнінде Советтің депутаттары мен активтері және мәдени-ағарту мекемелері зор роль атқарады. Турақты комиссиялар атқом мәжілісі мен Советтің сессияларында социалистік жарыстың барысы жөнінде мәселе қойып, жұмыстағы кемшіліктерді кезінде жою жөнінде шаралар белгілеуге жетісуге тиіс. Кімде-кім социалистік жарысты ұйымдастыруға формальді қарап, бұқараның инициативасын жете бағаламаса, ол біздің жұмысымызға бөгет жасайды. Сондықтан социалистік жарысты ұйымдастыруда еңзарлық көрсеткен адамдарды бұқараның талқысына салып, оларды батыл сынап отыру керек.

Ауылдық, селолық және поселкелік Советтердің елді пункттерді көркейтуді жөніндегі социалистік жарысын ұйымдастыру еңбекшілер депутаттарының аудандық Совет атқомдерінің басшылығы мен көмегін жақсартуды талап етеді. Аудандық Совет атқомдерінің басшы қызметкерлері колхоздар мен совхоздарда жиі болу арқылы жұмыстың жайын терең біліп, социалистік жарысты ұйымдастыру жөнінде нақтылы кеңес беріп отыруға тиіс. Сонымен қатар, социалистік жарыс озаттарының жұмыс тәжірибелерін кеңінен зерттеп, оны жалпының игілігіне айналдыру қажет. Аудандық Совет атқомдері селолық Советтердің елді пункттерді көркейтуді жөніндегі социалистік жарыстың барысы туралы мәселе талқылап, жұмыстағы кемшіліктерді жою жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыруға тиіс. Ендігі бір мәселе сол— құрылыс жұмыстары жөніндегі маман кадрларды іріктен алу, оларды орналастыру және тәрбиелеу жұмысын мейлінше жақсарту қажет. Бір-қатар аудандарда маман кадрлар мүлде жеткіліксіз болып отыр. Жергілікті советтер таңдаулы колхозшылар мен жұмысшылар есебінен арнаулы курстар мен мектептерге адамдар жіберу арқылы маман кадрлардың санын мықтап арттыратын болулары керек.

Новоавловтықтардың игілікті бастамасын қызу қолдап, елді пункттерді көркейтуді жөнінде социалистік жарысты кеңінен өрістетейік.

## МУЗЫКА УЧИЛИЩЕСІНІҢ СИМФОНИЯ ОРКЕСТРІ

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Дирижердің қолындағы тақша жоғарыға көтерілісімен эстрададан Глинканың «Вальс-фантазиясының» сазды үні естіле бастады. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Константин Степанович Будыченковтың басқаруымен Орал музыка училищесінің симфония оркестрі концерт беріп тұр. Бұл музыка-

коллективіне он жыл толды. Оркестрдің 52 артисі—музыка училищесінің оқушылары. Олар мұнда өздерінің орындаушылық шеберлігін жетілдіреді, іскерлігін арттырады. Жас музыканттар Чайковскийдің VI-симфониясы, Бетховеннің «Этюд» увертюрасы сыяқты көркекті симфониялық шығармаларды орындайды.

Оркестр қала еңбекшілеріне жиі-жиі концерт беріп тұрады, орыс классиктері мен батыс-европа музыкасына арналған концерт лекцияларға қатысады.

Кәзір музыканттар училищесінің есен беру концертіне Глинканың және Чайковскийдің жаңа шығармаларын әзірлеуде.

мәдени дәрежесі үздіксіз артуда.

Бүгін елімізде бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы көптеген өрістеген бүкілхалықтық социалистік жарыс тамаша нәтижелерін беруде. Барлық совет халқымен бірге, біздің селолық Советтің ауылшаруашылық қызметкерлері үстіміздегі жылы жаңа табыстарға ие болды.

Советтің колхоздары өткен жылдарға қарағанда көктемгі егісті анағұрлым жақсы өткізді. Дөңді техникалық және майлы дақылдар егіс жөніндегі барлық мемлекеттік тапсырмалар толығымен орындалды, картоп, жүгері және күнбағыс егістері тек шаршы-уялы әдіспен отырғызылды.

Колхозшылар мен ауыл шаруашылығының мамандарының бар ынтыасы 1954 жылы бүкіл ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің жоспарын орындауға және оның өнімділігін арттыруға бағытталған.

Біз Советтің жұмысында Коммунистік партия мен Совет үкметінің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудегі маңызды қарарларын орындау жолындағы күреспен бірге, мәдени-тұрмыстық құрылыс пен елді пункттерді көркейтуді жөнінде маңызды үлесімізді қосуды жоспарлап отырмыз.

Селолық Советтің сессиясында елді пункттерді көркейтуді туралы мәселе талқылап, біз, Новоавлов селолық Советінің депутаттары мен активтері өзмізге мынадай социалистік міндеттемелер алдық:

1. Колхозшылардың, совхоз жұмысшылары мен қызметшілерінің мәдени-тұрмыстық жағдайларын онан әрі жақсарту, колхоз орталықтарын көркейтуді үшін 1954 жылы мынадай құрылыстарды жүзеге асырамыз. Березовка селосында 7 ноябрьге дейін 250 орындық колхоз клубы және спорт алаңы салынады; Новоавловка және Пенково селоларында 1 июльге дейін колхоз балалар яслилерінің үйлерінің құрылысы аяқталып, жабдықталады; Березовка селосында 1 сентябрьге сағатына 10 адам түсетін қоғамдық мөңше салынады; Березовка селосында 1 ноябрьге селолық Советтің үш бөлмелі үйі салынады. Колхозшылар мен механизаторлар үшін 1 сентябрьге дейін 2-3 бөлмелі 15 тұрғын үйлер салынады; Стандартты мал қоралары: Новоавловка селосында 100 бастық мүйізді мал қорасы, Пенково селосында 100 бастық сыйыр қорасы

### СЕССИЯНЫҢ ТАПСЫРУЫ БОЙЫНША ҮНДЕУГЕ ҚОЛ ҚОЙҒАНДАР:

- Д. ЖАҚИНОВ**—селолық Совет атқомінің председателі.  
**Е. С. СИМОНОВА**—селолық Совет атқомінің секретары.  
**И. Д. ЛЯШЕВИЧ**—«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының председателі.  
**Р. БЕКЕТАЕВ**—Калинин атындағы колхоздың председателі.  
**Ф. УШАКОВ**—«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы партия ұйымының секретары.  
**Г. Г. ПАЛЬЧИНСКИЙ**—ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесінің директоры.  
**Н. С. КАЛИСТРАТОВА**—«Белое» совхозының директоры.  
**А. РЕЙДЕР, М. М. ШВЕДОВ**—селолық Советтің депутаттары.  
**А. А. КОХ**,—«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының құрылыс бригадасының бригадирі.  
**Н. М. МОИСЕЕВ**—Пушкин атындағы колхоз председателінің міндетін атқарушы.  
**Г. Н. АНДРЕ**—Пушкин атындағы колхоздың медициналық пунктіннің меңгерушісі.

### Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқомінде

## 1954 жылы селолық елді пункттерді көркейтуді жөнінде социалистік жарысты ұйымдастыру туралы

Петропавл ауданы, Новоавлов селолық Советінің депутаттары мен село активтерінің 1954 жылы селолық елді пункттерді көркейтуді жөніндегі социалистік жарысты ұйымдастыру туралы үндеуін талқылап, облыстық Советтің атқомі қаулы етті:

1. Новоавлов селолық Советінің депутаттары мен село активтерінің селолық елді пункттерді көркейтуді жөнінде социалистік жарысты ұйымдастыру туралы инициативасы мақұлданып,

2. Еңбекшілер депутаттарының аудандық Совет атқомдеріне Новоавлов селолық Советінің депутаттары мен активтерінің үндеуін аудандық, ауылдық және селолық Советтердің сессияларында, сондай-ақ колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің жыйналыстарында талқылауды ұйымдастыру және осының негізінде үстіміздегі жылы елді пункттерді көркейтуді жөніндегі соци-

алистік жарыстың кеңінен өрістеуіне жетісу міндеттелсін.

3. Облыстық коммуналдық шаруашылық пен еңбекшілер депутаттарының аудандық Совет атқомдері 1955 жылдың 1 январына ауылдық, селолық Советтердің елді пункттерді үлгілі көркейтуді жөніндегі социалистік жарыстың қортындысын шығаруға міндеттелсін.

құрылысын және жөндеуді қамтамасыз ету үшін құрылысқа

жарамды 3 мың текшеметр құрылыс ағаштары тасылады.

4. Ольшанск селосы телефондырылады.

5. 1954 жылы 1 сентябрьге Березовка селосының орталық көшесіндегі грейдер жолы кеңейтіледі және оның екі километрлік ұзындығына шлак төселеді.

6. Үстіміздегі жылы бір қоғамдық құдық қазылады. Оған механикаландырылған шыңырау (түтік) орнатылады. Поселкелердегі бұрынғы барлық құдықтар тазартылып жөнделеді.

7. 1954 жылы Советтің қамтуындағы елді пункттерде 8 мың әсем, 2,5 мың жеміс-жидек ағаштары отырғызылады. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындағы жеміс бақшасы тәртіпке келтіріліп, тазартылады. 300 түп ағаш қатараралық әдіспен отырғызылып, жұмысталады. Оның көлемі үстіміздегі жылы 2,5 гектарға жеткізіледі.

8. 1 июльге елді пункттер, мал қоралары және олардың маңдары (қый мен шөп-шаламан арылтылып, тұрғын үйлер мен қоғамдық үйлер сыланып, ағартылады) тазартылады, 1 октябрьге дейін далада санитарлық орындар салынып, үйлердің маңының санитарлық жайы онан әрі жақсы сақталады.

9. 1 августқа дейін барлық мектептер мәдени-ағарту және емдеу мекемелері 1954—1955 жылдың қысқы маусымына қажетті отынмен қамтамасыз етіледі.

Бүгін ұйымдастыру-бұқаралық жұмыс Советтің қабылданған міндетмесін орындау мақсатына бағытталды. Колхоздардың, совхоздардың, колхозшылардың, совхоз жұмысшылары мен қызметшілерінің міндеттемелерінің орындалуын тексеру үнемі қамтамасыз етіліп, оның нәтижелері көрсеткіш тақталарында, жауынгерлік листоктерде, колхозшылардың және совхоз қызметкерлерінің жыйналыстарында кеңінен жарияланады.

Қабылданған міндеттеменің орындалуын тексеруді Советтің тұрақты комиссиялары жүргізіп, тексерістің нәтижесін комиссияның мәжілісінде, атқомнің мәжілісінде және Советтің сессиясында талқылауды ұсынады.

Біз Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық, селолық, поселкелік Советтерінің депутаттары мен активтерінің біздің бастамамызды қолдап, облыстың елді пункттерін көркейтуді жөніндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырамыз.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Бұқара арасындағы ұйымдастыру жұмысын жақсартып береміз

Коммунистік партия мен Совет Үкметі социалистік ауыл шаруашылығының бүкіл саласын, онан әрі өркендету үшін, әсіресе, астық өндірісін ұлғайту, тың және тыңайған жерлерді игеру үшін қажетті материалдық-техникалық жағдайдың бәрін жасауда. Мұны мына фактіден айқын көруге болады: бір ғана Ново-Георгиев МТС-і быйылғы көктемде 11 қуатты «ДТ-54» тракторлары мен 15 бес корпуслы плугтер, қажетті мөлшерде сеялалар, тырмалар, 10-нан астам өздігінен жүретін шөп шабатын машиналар, сүйретпелер, шөп маялағыштар алды. Кәзір де, екінші тоқсанда да, отандық техника станцияға көптеп келуде.

Алайда, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету үшін жасалып отырған материалдық-техникалық мүмкіндіктер, деп үйретеді партия, өз-өзінен тиісті нәтиже бермейді. Осы бай мүмкіндіктерді қозғалысқа келтіріп, ауыл шаруашылығында жаңа табыстарға жету үшін, колхозшы шаруаларды, МТС қызметкерлерін қажырлы еңбекке жұмылдыра білу керек. Бұл мақсатты жүзеге асыруда бұқара арасындағы ұйымдастыру жұмысының ерекше маңызы бар. Сондықтан Коммунистік партия жергілікті партия, совет ұйымдарынан ұйымдастыру жұмысын барған сайын жақсартып беруді талап етіп отыр. Ұйымдастыру жұмысының дәрежесін арттыру ең алдымен колхоз, МТС партия ұйымдарының жұмысына тікелей байланысты.

Өйткені, колхоз, МТС партия ұйымдары колхозшылар, МТС қызметкерлері бұқарасымен бірге өмір сүріп, олардың қажеттерін бәрінен бұрын біліп отырады. Партиямыздың Орталық Комитетінің ұйымдастыру жұмысын күшейту жөніндегі нұсқауын орындай отырып, бұл бағытта бірқатар жұмыстар істеді.

Бұл жөнінде Буденный атындағы колхоз бастаушы партия ұйымының жұмысын мысалға алуға болады. Колхозда көктемгі дала жұмыстарын ойдағыдай өткізу үшін зор ұйымдастыру жұмысы қажет болды. Өйткені, көктемгі егіске қажетті жердің небары 30 проценті ғана дайындалғанды. Мұның үстіне бірқатар тың және тыңайған жерлерді игеру керек еді. Осы қиыншылықты жеңу үшін партия ұйымы көктемгі егіс алдында партияда жоқ активтерді қатыстыра отырып, партияның анық жыйналысын өткізді.

Жыйналысқа оннан астам коммунистер мен партияда жоқ активтердің қатысуымен мұқият әзірлік жұмыстары жүргізілді. Онда дала бригадаларына қажетті жағдайлардың бәрі де, ең ақыры тракторлар үшін суды қайдан алу, отынды қайдан әкелу сияқты мәселелерге дейін есепке алынды.

Партия жыйналысында егіске әзірлік мәселесі қызу талқыланып, коммунистер мен колхоздың партияда жоқ активтері өндірістің шешуші участоктеріне белгіленді. Олар көктемгі егіс кезінде трактор және егіс бригадаларында саяси жұмысты жеңінен өрістетіп, егіншілердің социалистік жарысын пәрменді ұйымдастыра біледі. Осының нәтижесінде колхоз көктемгі егісті өткен жылғыдан 12 күн ерте аяқтады. Көктемде 220 гектар тың және тыңайған жер игеріліп, оған қатты бидай егілді.

Осы сияқты, Ново-Георгиев МТС-нің партия ұйымы да соңғы кезде ұйымдастыру жұмысын біраз жақсартты. Көктемгі егістің қызу күндерінде коммунист-механизаторлар трактор бригадаларында болғандықтан партия жыйналысын өткізуге мүмкіндік болмады. Алайда, жыйналыстың талқылауына қойылатын қажет ететін мәселелер болды. Бұл кезде шөп жыйнайтын машиналарды жөндеудің барысы қанағаттанғысыз болды, жөндеу мастерскойының жұмысын жақсарту қажет еді.

Партия жыйналысын шақыру үшін трактор бригадаларындағы коммунистер кемінде бір күн өндірістен қол үзетінін ескеріп, партия ұйымының секретары Руденко жолдас екінші бір пара қолдануды ұйғарды. Ол механиктер Данилов, Галовко, Александров жолдастармен әңгіме өткізіп, оларға МТС-тің алдында тұрған міндеттер туралы, станцияның жұмыста тек біржақтылыққа салынып, шөп шабу науқанына әзірлікті ұмыт қалдырғанын айтты. Партия ұйымының тапсыруы бойынша жоғарыда аталған механиктер жөндеушілер арасында шөп шабатын машиналарды жөндеу жөнінде қажетті ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді.

Осының нәтижесінде 5 июньге дейін шөп шабатын машиналардың 90 проценті, шөп маялағыштар мен трактор тырнауыштары толық жөндеуден өтті. Бұл мысалдардан партия ұйымдарының ұйымдастыру жұмысының маңызы қаншалық зор екенін айқын көруге болады. Демек, ұйымдастыру жұмысы — табыс кілті. Сондықтан жұмыстың бұл әдісін кеңінен қолданып, әрбір колхозшыны, МТС қызметкерін партия мен үкметтің қатарларымен орындау жолына белсене біре жұмылдыру қажет.

Бірақ, амал не, кейбір партия ұйымдарында ұйымдастыру жұмысының дәрежесі әлі де болса төмен болып келеді. Мәселен, «Путь социализма» колхозының партия ұйымы (секретары Журавлев жолдас) партия жыйналысында қабылданған қаулылардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру жұмысымен нығайтпайды. Бұл колхозда көктемгі егістің жайы туралы мәселе партия жыйналысында екі рет, басқарма мәжілісінде үш рет және селолық Советтің сессиясында талқыланды. Бірақ, не пайда, бұл жыйналыстарда, мәжілістерде және сессияда қабылданған қарарлардың орындалуын ұйымдастыруды ешкім ескермеді. Осының салдарынан колхозда көктемгі дала жұмыстары ұзаққа созылды. Тек соңғы кезде МТС аймағындағы нұсқаушылар тобының көмегі арқылы колхоз партия ұйымы ұйымдастыру жұмысының жайын біраз жақсарту түсті. Кәзіргі мақсат мәжіліс-қорлықты жойып, колхозшылар арасындағы ұйымдастыру жұмысын күшейтуде болып отыр.

Аудандық партия комитетінің нұсқаушылар тобының көмегімен «Путь социализма» колхозының партия ұйымы коммунистерді өндірістің шешуші участоктеріне бөтті. Әрбір коммунистен өндірісте авангардтық роль атқарумен бірге, егіс бригадаларында бұқаралық жұмысты ұйымдастыру талап етілді. Бұл шаралар өздерінің алғашқы нәтижелерін беруде. Колхозда көктемде 25 күнде небары 1150 гектар гана жер жыртыла, кәзір соңғы 6 күнде гана 850 гектардан астам, мұның 100 гектары тың және тыңайған жерлер есебінен пар жыртылып отыр. Табыстың сыры мынада: коммунистер пар жыртуда жұмыс істейтін әрбір колхозшының жұмысына қатаң бақылау жасады, коммунистер бригада мүшелерімен үнемі әңгімелер өткізіп, жұмыста кездескен кемшіліктермен бітіспес күрес жүргізіп отыр.

Әрбір партия ұйымы бұқара арасындағы ұйымдастыру жұмысының дәрежесін арттырып, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдында тұрған жауынгерлік міндетті ойдағыдай орындалуына жетісуге тиіс. Мұны әрбір басшы партия қызметкері, әрбір коммунист жете түсіне білуі керек.

В. БОДРОВ,

ҚКП Полудень аудандық комитетінің Ново-Георгиев МТС-і аймағы жөніндегі секретары.

Пішеншілер арасындағы саяси үгіт

Ауыл шаруашылығын жетекші саласы — мал шаруашылығының ойдағыдай өркендеуі мал азығының берік базасының жасалуына байланысты екені мәлім. Осыны еске алып, колхоз бастаушы партия ұйымы шөп шабу науқанына әзірлікті арқашан өзінің басты міндетіне алып келеді. Пішеншілер арасындағы саяси жұмыс-

комсомолецтерден және партияда жоқ ауыл интеллигенттерінен 7 адам бөлінді. Кәзір үгітшілер пішеншілермен еңбек өнімділігін арттыру, Қазақ СР-нің V сессиясының материалдары жөнінде әңгімелер өткізіп, дауыстап газет оқуда. Пішеншілер арасындағы саяси жұмыс-



Молдавия ССР, Тараклийск ауданының Ворошилов атындағы ең ірі колхозында 10 мың гектардан астам егіндік жер бар. Оның 2215 гектарына күздік бидай себілген. Кәзір колхозда күздік қара бидай пісе бастады.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) колхоз агрономы Г. Дерволков, колхоз председателі П. Кер және Тараклийск МТС-нің агрономы И. Кафеджи қара бидайдың шығымын байқап жүр.

(СОТА-ның фотохроникасы).

ССРО Медицина ғылым академиясының Ташкентте өтетін сессиясы

ССРО Медицина ғылым академиясының президиумы быйылғы жылы сентябрьде, Өзбек ССР Денсаулық сақтау министрлігі мен бірлесіп отырып, Ташкентте Ғылыми сессия шақыруды ұйғарды.

Сессияның жұмысына медицина ғылым академиясының толық мүшелерімен және мүше корреспонденттерімен бірге Орта Азия республикаларының, Ленинградтың, еліміздің басқа да ғылыми орталықтарының көрнекті медик-ғалымдары қатыстырылады.

Сессия күндерінде Ташкентте Совет медицина өнеркәсібінің диагностикалық және лабораториялық аппаратуралар, медициналық жабық және емдеу дәрілерін шығару саласындағы табыстарына арналған көрмелер ұйымдастыру ұйғарылды.

(СОТА).

А. М. Горькийді еске түсіру

ГОРЬКИЙ, 17 июнь. (СОТА). Бүгін А. С. Пушкин атындағы опера және балет театрында пролетариаттың ұлы жазушысы, совет әдебиетінің негізін қалаушы А. М. Горькийдің қайтыс болуына 18 жыл толуына арналған мәжіліс бол-

Көпжылдық қарабидайды мал азығына пайдаланайық

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы колхоздар мен совхоздардың қызметкерлері мен мамандарын, жер ортаңдарының басшыларын, жемішпен базасының нашарлығын таяудағы мерзімде жоюға, сөйтіп, малды жай, сулы және құнарлы жемішпен-пішенмен, тамыр-түйекек жемістермен, сүрленген жемішпен, көкшөпшен және дәнді жемішпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етуге міндеттеді.

Малды жай, сулы және құнарлы жемішпен толық қамтамасыз етіп, малды күтіп-бағу жұмысын дұрыс жүргізетін шаруашылықтарда мал шаруашылығының өнімділігі үнемі артып келеді. Біз малға алуан түрлі жемішті мол беріп, малдың, әсіресе сауын сыйырлардың жақсы қондануын қамтамасыз еттік. Біздегі сыйырлар сүтті көп береді, сүт тапсыру жөніндегі мемлекеттік тапсырмалар орындалып қана қоймай, тіпті үнемі асыра орындалып келеді.

Жер жағдайы шөлейтті қалғандықтан Алтын-емел алқабында орналасқан біздің шаруашылықта берік жеміш базасын жасау тәжірибесінің белгілі маңызы бар. Мен біздің бұл міндетті іс жүзінде қалай орындағанымызды толығырақ айтып берейін.

Соңғы 5—6 жылдың ішінде бізде сауын сыйырдың саны жедел көбейе түсті. Кәзір фермаларда бес мыңға дейін сауын сыйыр бар. Табиғи шабындықтар шөбінің жеткіліксіздігі салдарынан біздің малды күтіп, бағуымыз жылдан-жылға қиындай түсті. Біз әсіресе 1951 жылдың өте шөлейтті жазында зор қиыншылықтарға кездестік. Ол кезде шөп яшар өсті, сыйырды көкшөпшен де, жай шөпшен де толық қамтамасыз ете алмадық. Бұл қиыншылықтан шығу жолын бізге ССРО Совхоздар министрлігінің қызметкерлері көрсетіп берді, олар мал азығы үшін көпжылдық қарабидайды егін сынауды ұсынды. Сол жылы күзде біз осы дақылдың тұқымын алып, оны 217 гектарлық участкаға сеппіз.

Метеорологиялық жағынан қолайлы болған келесі жылда біз табиғи шабындықтардың әр гектарынан 12 центнер пішен жыйнадық, ал көпжылдық қарабидайдың әр гектарынан екі дүркін шапқанда 57 центнерден шөп алынды да, тұқымдық участоктерден — 17 центнерге дейін астық, тоннаға жуық сабан алынды.

1952 жылғы егіннен алынған көпжылдық қарабидайдың тұқымын біз күзде ауыспалы егіс танабынан тыс, көлемі 1.270 гектар жердің аңызына еттік, бұл жерлерде бұдан бұрын пішенге жыйнап алынған сулы мен моғар егілген болатын. 1953 жылдың көктемі мен жазында дәл осы дақылды көкшөп қонысінері үшін, жемішпен сүрлеу, пішен үшін қайта еттік.

Кәзір совхозда көпжылдық қарабидай егісінің көлемі 3000 гектардай болып отыр. Мұның жартысынан астамын сауын сыйыр мен дәнді көкшөп қонысінеріне түрлі дәрігерлер пайдалануға беріледі.

түрде жулып, жыйнап-теріп, егістік жерден шығарып тастау қажет. Бұлай етпеген күнде мұндай қалдықтар жер бетіндегі қарабидай шөбінің сапасын қай кезде болса да нашарлатады.

Көпжылдық қарабидайдың тұқымын әзірлеудің басқа дәнді дақылдарға қолданылатын міндетті талаптардан ешқандай айырмасы жоқ. Тұқымды мұқият тазалап, сұрыптап, жақсы өнетін жоғары кондицияға жеткізу қажет. Жаңа ғана жыйналған тұқымның өнгіштігі әдетте төмен болады, сондықтан оны себу алдында жылы ауада қыздырып кентіру керек, немесе желдетіп, күн сәулесінде құрғату керек. Қарабидайдың дәнін тек құрғақ күйінде дәрілеуді ұсынамыз, өйткені ол дымқыл болса қастаушына шалдығып, шірі бастайды. Бәрінен гөрі өткен жылғы тұқымды сеппен жақсы болады.

Көпжылдық қарабидайдан пішен алу үшін оны күзде егу керек, ал жайылымға пайдалану үшін — көктемде, көбінесе белгілі біржылдық дақылмен (судан шөбі, моғар, сулы) ықтырмалатып ескен жөн. Мұндай жағдайда егіс түптенеді, бірақ сабақ алмайды. Бірінші жылы пішенге шабылатын қарабидай егісі екінші жылы жайылымға пайдаланылады. Пішен үшін егілетін көпжылдық қарабидайға қоса, топырақтың құрылымын жақсарту үшін, белгілі бір астықтұқымдас дақылды үстем егу керек.

Көпжылдық қарабидай тұқымын тұтас қатарлап, тракторға тіркелетін астық сеялаларымен егу керек, ал мүмкін болған жерлерде, оны тоғыспалы және тарқатарлы әдіспен егуді ұсынамыз. Мұндай жерде егіннің өнімі 10—12 процент артады. Тұқымды 3—4 сантиметр терең сіңдіру керек, ал көктемнің аяғында өскен кезде, топырақтың үстіңгі қабаты құрғап кететін болғандықтай, оны 5—6 сантиметр терең сіңдіру керек.

Ерте көктемде топырақтың үстіңгі қабыршығын қонысқату және ауаның жеткілікті болуын қамтамасыз ету үшін көпжылдық қарабидайдың күздік егісін жеңіл тырмалармен екі рет тырмалауды ұсынамыз. Пішен үшін және сүрлеу үшін егілген көпжылдық қарабидайды ол бастарта бастаған кезде жыйнау керек.

Көпжылдық қарабидайдың құрылымы жағынан күздік қарабидаймен көп ұқсастығы бар. Қарабидайдың сабағы ұзын, майысқақ келеді. Масақтың гүлшоқтары тік біткен нәзік мүшелерден құрылып, оларда бір-бірден масақ болады. Масақ қабыршақтары жұқа, сыртқы гүл қабыршағы күздік қарабидайдан гөрі анағұрлым қаттырақ, сығынш келеді, оның тіз тәрізді нәзік қылтанағы болады. Күздік қарабидайдағы сияқты, мұның дәнінің жанамалап терең біткен, астыңғы жағы сүйірлеу келген қанатты қылтаны болады. Дәнің қабығы қатпарланған тұрады, оның үсті жасыл-сұрғылт және қоңырлау келеді.

Көпжылдық қарабидай қысқа өте төзімді. Ол 20 градус және одан да суық

ЕҢБЕК ӨНЕГЕСІ

Мамлют асыл тұқымды мал совхозы партия ұйымының коммунистері өндірістің шешуші участоктерінде, мал шаруашылығы мен егіс шаруашылығында жұмыс істеп, еңбектің өнегесін көрсетуде. Мәселен, коммунистер В. И. Вейе жөндеу мастерскойында — токарь, П. Ф. Шилкин, Е. Д. Хрущев жолдастар — комбайншы



Советтік Қазақстанның қалалары

# Теміртау

Будан он жыл бұрын Орталық Қазақстанның шексіз кең далаларының біртүбіріндегі шағын Самарқанд поселкесінің орнына қазір металлургия комбинатының әулім қорғулары, қуатымен көмір бассейні және басқа көптеген кәсіпорындарды қамтамасыз ететін Қарағанды облысындағы ең үлкен электр станция және көптеген тамаша тұрғын үйлер салынды.

Быйылғы жылы металлургия зауытының коллективі өзінің оңжылдығын аял өтеді. Теміртаулықтар бұл мерекені тамаша табыстармен қарсы алғалы отыр. Тек жылдың басынан бері ғана мартеншілер шапшаңдатылған әдіспен 500-ден аса ауыр салмақты металл қорытып, көзірдің өзінде елімізге жоспардан тыс мыңдаған тонна болат берді. Прокачшылардың табысы да бұдан кем емес: олар ай сайын жоғардан тыс біздің ұлан-байтақ мемлекетіміздің барлық түпкірлеріне жіберілетін жоғары сапалы өнім шығарады.

Бірақ өсудің негізгі көрсеткіші өз істерінің тамаша шеберлері адамдардың өсуі деп есептеу керек. Болат қорытушылар Ескендір Уәлиев, Иван Глаубев, Еламан Байғазиев, Алтынбек Дәрібаев және зауыттың басқа да ондаған озат адамдары жоғарғы үкмет наградасын алды. Олардың еңбек әдісін ғылыми қызметкерлер зерттейді, сөйтін бұл әдістер бүкіл еліміздің металлургиялық кәсіпорындарына таратылады.

Теміртаудың Совет Одағының электр станцияларына арнап құрал-жабдықтар жасайтын жөндеу-механикалық зауыты бұрынғы шағын ғана мастерскойдан ірі өнеркәсіп орнына айналды. Бұл зауыттың өнімі халықтық демократия елдеріне де жиі жөнелтіліп тұрады. Коммунистік партияның Орталық Комитетінің сентябрь Шленумының қарарын жүзеге асыра отырып, металлшылар ауылшаруашылық машиналарының запас бөлшектерін жасауды игерді.

Қалада тұрғын үйлер мен өндірістік кәсіпорындардың құрылысы бір күн де тоқтатылмайды. Құрылыс жұмысын облыстағы ең ірі трестердің бірі—«Қаз-металлургстрой» тресі салып жатыр. Ол жыл сайын 10-15 мың шаршыметр тұрғын үйді пайдалануға береді, ал осы жылдың март айында Теміртаудың еңбекшілері үш жарым мың шаршыметр тұрғын үй алды.

Өткен жылға қарағанда, трест коллективі үстіміздегі жылы құрылысқа бөлінген күрделі қаржыларды 77 процент артық игереді. 28 мың шаршыметр тұрғын үй, кинотеатр, стадион, ФЗО мектебі, балалар яслилерін, екі монша, алты магазин салынуға тиіс. Бұлардың ішіндегі ең үлкені металлургтердің мәдениет сарайының құрылысы болады. Бұл сарайдың кеңдігі 25 мың текшеметрдей. Қазір 530 орындық көрушілер залын, 150 орындық кіші залды, оқу және физкультура залдарын, көркем өнерпазшылар үйірмелеріне арналған бөлмелерді нақыштау жұмысы жүргізілуде. Сарайда мыңнан аса адам мәдениетті дем алатын сарайдың іші мен

өндіріс комбинатының көптеген тұрмыс қажетін өтейтін мастерскойлары, медицина қалашығы, профилакторий салынды, таяудағы күндерде аптека мен кітапхана ашылады, техникумның үйі салынып жатыр. Нұра өзенінің оңжақ жағасында энергетиктердің жаңа поселкесі салынды. Панфилов, Школьная, Металлургтер, Телеграф және Комсомол көшелері асфальтталауда, барлық жерлерде траншеялар көрінеді—су проводының трубалары тартылуда және канализация сеті жасалуда. Теміртаулықтар өздерінің қаласын үлкен құрылыс алаңы деп атауы өте орынды.

Теміртауда көптеген мәдени-ағарту мекемелері мен тұрмыс қажетін өтейтін мекемелер бар. Энергетиктердің кешкі техникумы, құрылысшылардың ФЗО мектебі, ауыл шаруашылығының механизатор кадрларын даярлайтын мектеп, музыка мектебі, пионер үйлері—міне, осының бәрі жас қалада тіпті жуырда ғана, екі-үш жыл ішінде ғана салынды.

Қалада еңбекшілердің жұмыс істеуіне және дем алуына ең қолайлы жағдайлар туғызу үшін барлық шаралар қолданылуда. Қуатты пилотина Нұра өзенінің көлденеуінен бөген Теміртау су қоймасын жасады. Бұл өте үлкен су бассейнін Қарағанды мен Теміртаудың және төңіректің селолардың халқы Қарағанды төңізі деп сүйіспеншілікпен атайды. Жазда мұнда демалыс күндері жүздеген металлургтер, көміршілер, құрылысшылар мен теміржолшылар өздерінің бос уақытын өткізу үшін келеді. Су станциясы, қайықтар мен желікөмдер жөндеген; спортшылар және балық аулаумен әуестенушілер жазғы маусымға толық әзірленді.

Әдетте «Металлург» ерікті спорт қоғамының стадионында адамдар өте көп болады. Мұнда жаспай физкультура қозғалысының кеңінен өрістетілуі үшін барлық жағдайлар жасалған. Қоғамның командалары облыстық және республикалық жарыстардың бәрін қатысып отырады. Қалада «Энергия», «Металлург», «Искра», «Медик», «Трудовые резервы» және «Химик» спорт қоғамдары коллективтерінің жаспай жарыстары жиі өткізіледі.

Теміртауда ондаған мың саяси, көркем және техникалық әдебиет кітаптары бар 20 кітапхана, 30-дан аса клубтар мен қызыл мүйістер бар. «Центральный», «Строитель» клубтары мен Қарағанды электр станциясының клубы мәдени-бұқаралық жұмыстың шын мәніндегі орталықтарына айналған. Оларда көптеген көркем өнерпаздар коллективтері құрылды, кинофильмдер уақытында көрсетіліп тұрады, облыстық қазақ және орыс драма театрларының, облыстық филармонияның артистері, Алматының, Ленинградтың, Свердловскінің және Отанымыздың астанасы—Москваның искусство шеберлері желін концерт береді.

Жас қаладағы еңбекшілердің материалдық тұрмыс дәрежесі үздіксіз артып келеді. Теміртауда товар айналымы соңғы екі жыл ішінде бір жарым есе өсті. Тұрғын



Шағын двигательдер зауытының слесарі В. Насонов сменалық тапсырмасын 200 проценттен орындап жүр.  
СУРЕТТЕ: В. Насонов жолдас.  
Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Жас паровозшылардың бағалы бастамасы

Петропавл паровоз депосының коллективі темір жол транспорты қызметкерлері активінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың Совет Одағының барлық теміржолшыларына жазған Үндеуін зор еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Бұл күндері паровозшылар Үндеуге жауап ретінде еңбек өнімділігін арттырып, жаңа табыстарға ие болуда. Өткен май айында паровозшылар 1300-ден астам ауыр салмақты поезды жүргізді. Бұл бірінші ретке жеткен паровозшылар ауыр салмақты поездардан екі есеге жуық артық.

Машинастердің бәрі де жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа ұнтысқан. Олар пайдаланылмай жатқан мол мүмкіншіліктерді өндіріске кеңінен енгізу арқылы жаңа еңбек табыстарына жетуде.

Григорий Лаптев және Александр Манин жолдастар машинастер болып істейтін № 19—1287 паровоздың комсомол-жастар бригадасы жақында бір бағалы бастама көтерді. Олар ауыр салмақты поездарды жолдағы станциялардан қосымша су алмай, оттықты тазалатпай тоқтаусыз жүргізуге ұйғарды. Бұл паровоздың техникалық жүру жылдамдығын орта есеппен сағатына 3 километр арттырып, көптеген отын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бригада әрбір сапар сайын 1000 сомнан астам мемлекет қаржысын үнемдейді.

Жастардың бұл бағалы бастамасы теміржолшылар арасында зор қолдау тапты. Омык темір жол бөлімшесінің басты

# Пар жырту жоспары әрбір колхоз, совхозда мерзімінде толық орындалсын

## Ленин ауданында пар жырту ұзаққа созылуда

—Пар жыртуға шыққалы бірқатар уақыт өтті. Бірақ, ісұмыстағы олқылықтан әлі де арыла алмай келеміз. Өйткені, машиналарға жанар май мен жағар майлар кезінде жеткізілмейді. Осының салдарынан бір сағат жұмыс істөөек, 4-5 сағат бос тұрамыз,—дейді қынжыла сөйлеп, трактор бригадасының бригадирі Сенский жолдас.

—Мысал үшін июнь айының 2-3-4-і күндерін алайық,—дейді ол одан әрі.—Бұл күндері үш «ДТ—54», екі «С—80», және екі «Универсал» тракторларымен кемінде 240 гектар жер жыртуға тиісті еді, бірақ, жанар майдың жоқтығынан, сондай-ақ тракторларда жарық болмай түнгі сменада жұмыс істемегендіктен мұның теңжарымы да орындалмады.

—Біз де тракторлардың босқа қарап тұрушылығы тек июнь айының үш күнінде ғана кездесіп отырған жоқ, мұндай жағдай екі күннің бірінде болды,—дейді Сенский жолдасының сөзін қостап № 12 трактор бригадасының бригадирі Дьякин.

—Июньнің 7 күні ерте жұмысқа кіріскен «С—60» тракторы мен «ДТ—54» тракторының 2-3 гектардан жер жыртуы—ақ мүң өкен, су таусылып тракторлар тоқтап қалды. Сонымен судың әкелуін күтіп жарым күн босқа отырдық. Бұл кемшіліктерді жою қамына неге кіріспейсіңдер десек, МТС басшылары мен колхоз председатели Грищенко жолдас, қолдарын сілтеп—«май, су жеткенінше істемдер, жоқ екен тынығып отыра беріңдер»,—дейді. Ал біздің «тыныш» отыратын уақытымыз анағұрлым басым болғандықтан, жер жыртудың күндік, бескүндік тапсырмаларын үнемі орындай алмай келе жатқанымызбен олардың жұмыстары да жоқ. Анығында бұл кемшіліктердің бәрі де МТС, колхоз басшыларының жай-барақаттыққа, жауапсыздыққа салынғандығынан болып отырған іс.

Бұл—Куйбышев атындағы МТС-тің қамтуындағы «Тропинка Ильича» колхозында болған жағдай еді. Бригадирлер айтса айтқандай. Мұнда колхоз басшылары механизаторлардың өнімді жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасамаған. Егіс басында жайлы қос жоқ, ыстық тамақ ұйымдастырмаған. Ал, механизаторлар кешке жұмыс істеп жүрген участкадан 6—8 километр жердегі ауылға барып тынығады.

Быйыл колхоз 2 мың гектарға жуық пар көтеруге тиіс. Мұның басым көпшілігі тың және тыңайған жерлерден жыртылады. Осындай көлемді, әрі жауапты іске колхоз басшылары жете мән бермей келеді. Трактор бригадаларына жанар май мен жағар май, су тасу және басқа жұмыстар да тыңғылықты ұйымдастырылмай отыр. Соның салдарынан артельде пар жыртудың қарқыны мүлде төмен.

трактор бригадасы 7 трактормен бір бес күндікте небары 108 гектар ғана жер жыртқандығының өзі-ақ жеткілікті. Ал, МТС басшылары (директоры Потякин жолдас) пар жырту жұмысының алғашқы күндерінен бастап-ақ нақты басшылық ете алмай келеді. Тіпті оның мамандары соңғы бес күн бойы бұл колхоздағы трактор бригадаларында бір рет те болмаған.

Колхозда жердің жырту сапасы да нашар. Агротехникалық ережелер сақталмайды. Көбінесе мұнда жер тайыз жырттылады. Мәселен, Усачев жолдас басқаратын трактор бригадасында 82 гектар жер 8-10 сантиметр тереңдікте ғана жыртылған. Колхоз агрономы Завертнев жолдас ол участканың жұмысталу сапасын көріп, білсе де оны көрмеген адам болып жүре береді.

Бір бұл колхозда ғана емес, МТС-тің басқа колхоздарында да пар жырту жұмысының қарқыны мен сапасы нашар. «Совет» колхозында, әсіресе тың жерлер сапасыз жыртылуда. Мұнда плугтердің түрлендері жоғары орнатылғандықтан, жыртылған 113 гектар жердің тереңдігі 12 сантиметрден аспайды. Мұның үстіне бірқатар әсерлер атжал қалдырылып жырттылған. Колхоз жоспар бойынша 2850 гектар пар көтеруге тиіс еді. Мұның әлі күнге дейін үштен бірі де орындалған жоқ. «Земледельец», «1 Май» және Киров атындағы колхоздарда пар жырту жоспары 26-29 процент қана орындалды.

Куйбышев МТС-і облысымыздағы ең ірі МТС-тің бірінен саналады. МТС қамтуындағы колхоздарда быйыл 27.400 гектар пар жыртуға тиіс. Мұны әб-роймен орындауға станцияда мүмкіншілік ұшан-теңіз. МТС жаңа техникамен жыл сайын толықтырылуда. Быйылдың өзінде ғана 40-қа жуық қуатты тракторлар мен көптеген ауылшаруашылық тіркеу саймандарын алды. Осыған қарамастан МТС-те пар жырту жұмысының қарқыны мейлінше баяу жүргізіліп келеді. Мұнда әлі күнге дейін пар көтеру жоспарының орындалуы 31,5 процент шамасында ғана болып отыр.

Мұндай тәзгісіз жағдайлар Образцовой МТС-інде де кеңінен орын алған. МТС-тің «Еңбек» колхозындағы 7 тракторының бірде-біреуі күнделікті тапсырмасын орындай алмай жүр. МТС орталығы осы колхоздың егістігінен 6 километр жерде ғана тұрады. Бірақ, МТС (директоры Корнев жолдас) иек астында тұрған трактор бригадасының жұмысын жақарта алмай отыр. Бір таңқаларлық іс, осы бригаданың тракторшысы Өкенов Құнанбайдың бірнеше жылдан бері өзі жөндеп жүргізіп келген «Дизель» тракторын Корнев жолдас жұмыс үстінде басқа колхозға алып берген. Ал Өкенов трактор бол

тракторы плугтің жоқтығынан 10 күн бойы жұмысқа қосылмады.

МТС-тің трактор бригадаларында жұмыс екі сменада ұйымдастырылмаған. Мәселен «Орталық» колхозындағы № 19 трактор бригадасында екі «СТЗ—НАПН», бір «ДТ—54» тракторы жарықпен қамтамасыз етілмегендіктен түнгі сменада жұмысқа қатыспайтын болған. Осы себеппен ғана бригадада 318 трактор жұмыс сағаты босқа өтті. «Новый путь», «Путь к социализму» колхоздарында сапасыз жөндегендіктен тракторлардың бірсыпырасы сынып, тоқтап қалды.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы жыл сайын пар жырту жоспарын орындай алмай келеді. Быйыл да бұл жұмыстың жайы мүлде қанағаттанғысыз. Пар жырту мерзімі өтпін бара жатқанына қарамастан колхозда пар көтеру жоспарының небары алтыдан бірі ғана орындалды. Оның басты себебі мұнда еңбек ұйымдастыру бетімен жіберілген. Механизаторлар жұмысқа кеш шығып, ерте тоқтайды. Тіпті тракторшылардың көпшілігі өздерінің сменалық нормаларын орындамайды. Колхозшылар мен механизаторлар арасында социалистік жарыс ұйымдастырылмаған, көрсеткіш тақтасы мүлде жоқ. Мұнда үгіт-бұқаралық жұмыстары да кең өрістетілмеген. Ал, бастаулы партия ұйымы бұл сыяқты аса маңызды жұмысқа басшылық етуден мүлдем сырт қалып қойған. Міне, осындай себептерден МТС қамтуындағы колхоздарда жыртуға тиісті 18 мың гектарға жуық пардың осы уақытқа дейін 3800 гектары ғана жыртылды.

Пар жырту жұмысы ауданның Пушкин атындағы, Ильич атындағы МТС-терінде де өте нашар. Оларда бұл жөніндегі жоспардың орындалуы 8—18 проценттен аспайды.

Көзіргі міндет—пар жырту жұмысын қысқа мерзімде, сапалы аяқтау болып табылады. Алайда, Ленин ауданының басшылары (аудандық партия комитетінің секретары Плевако, аудандық Совет атқару комитетінің председатели Вифогия жолдасстар) пар жырту жұмысына нақты басшылық ете алмай келеді. Колхоздар мен МТС-тердің жұмысына бақылау жасап, олардан кезінде жауапкершілікті талап етіп отырмайды. Керек десе олар пар жырту мерзімінің өтпін бара жатқанын ескермей де отыр. Осындай жайбарақаттық, жауапсыздықтың салдарынан ауданда пар жырту жұмысының қарқыны өте-өте баяу болып келеді.

Пар жырту жұмысындағы елеулі кемшіліктер бұл жұмыстың тәзгісіз ұзаққа созылуына әкеліп соғып отыр. Ал, бұл жағдайға төзуге болмайды. Сондықтан

сыртына қазақтың ұлттық тамаша оюлары салынып, зейнеттелуде. Жұмыстың осындай зор көлемін орындау үшін трест өндірістік базасын шұғыл кеңейтіп, құрылыс материалдарын өндіруді бес есе ұлғайтты.

Теміртау мен Қарағандыны байланыстыратын тас жолдың оң жағында соңғы үш жылда Социалистік қала деп аталатын тұрғын үйлер салынған жаңа кварталдар пайда болды. Осы мерзім ішінде мұнда 15 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға беріліп, 140 жеке меншіктегі үйлер, орта мектеп, қалалық

да мынадан мысал келтіруге болады: егер қалалық орталық сақтық кассасында 1950 жылы барлығы 1230 жыйнақ салушы болса, қазір олардың саны 8 мыңнан асты, ал еңбекшілердің сақтық қассасына салған ақшалары 1 миллион 600 мың сомнан 9 миллион сомға дейін көбейді.

Теміртауда қаланың өте қысқа, он жылдық тарихы ішінде өте көп жұмыстар істелді. Алайда, қаланың қарыштап өсетін уақыты әлі алда. Қазақ металлургтерінің қаласы республикамыздағы ең ірі өнеркәсіп орталықтарының бірі болады.

**Н. КУЛАКОВ.**

## Малдәрігерлік-зоотехникалық техникумда

Петропавлдағы малдәрігерлік-зоотехникалық техникум көптеген оқу орындарының бірі. Ол ұйымдасқаннан бері жүздеген ауылшаруашылық кадрларын даярлап шығарды. Тек қана соғыстан кейінгі жылдардың өзінде техникумды 600 малдәрігері мен зоотехниктер бітіріп шықты.

Олардың көпшілігі жоғары дәрежелі білім алып, республикамыздың ғылыми шаруашылық орындарында қызмет істеп жүр. Мысалы, осы техникумды бітірген Газез Тәшенов Қазақ ССР ғылым академиясының ғылыми қызметкері. Елубай Төлебеков Алматының малдәрігерлік зоотехникалық институтын үздік бітіріп шықты. Сол сияқты, Константин Мамлют совхозының аға зоотехнигі. Осы техникумды үздік бағаммен бітірген Светличный Казір Москвадағы малдәрігерлерін даярлайтын академияның аспиранты.

Техникум дирекциясы мен оқытушылар коллективі техникумды бітіріп шыққан кәзір жоғары оқу орындарында оқытын студенттермен тығыз байланыс жасап тұрады. Осы жылдың бірінші айында Омск малдәрігерлері мен зоотехниктер даярлайтын институтының партия, комсомол, кәсіподақ ұйымынан техникум құттықтау хат алды. Омск институтының 60-дан астам студенті Петропавл малдәрігерлік-зоотехникалық техникумын бітіргендер. Хатта техникумда тәрбиеленгендердің оқуды жақсы үлгеріп, терең білім алып жүргендігі айтылған.

Бұл техникумда өз өмірінің көпшілігін малдәрігерлері мен зоотехниктер даярлауға жұмсаған тәжірибелі оқытушылар да аз емес. Техникумда маман кадрлар даярлау ісіне оқытушы Шведцов 36 жыл, Чевыкин 22 жыл, Зотова 12 жыл бойына еңбек етіріп келеді. Техникум мұндай жоғары білімі бар оқытушылармен жыл сайын толықтырылуда.

Үстіміздегі жылы техникумда оқытын 293 студенттен 27 адам малдәрігері, 61 адам бухгалтер мамандығын алып, бітіріп шығады.

Оқу жылының бірінші семестрінде техникум студенттерінің барлығы емтиханды ойдағыдай тапсырып шықты. Оқу оқуларының ішінде Нахомова, Гашеева, Макаренко тағы басқалары бар.

Техникумда студенттердің теориялық алған білімдерін практикалық жұмыстармен ұштастыруға керекті оқулықтар мен құрылыс жабдықтары жеткілікті.

Малдәрігерлерінің лабораториясы бы-

ылғы жылдың өзінде көптеген жаңа оқу құралдарымен толықтырылды. Солике шамы, 12 микроскоп, эпидиоскоп, 50-ден астам балауыздан құйылған заттар, хирургиялық құралдар, проекц фанари тағы басқа дәрі-дәрмектер алды.

Техникумның болашақ малдәрігерлері мен зоотехниктері облыс колхоз-совхоздарына барып, ондағы мал шаруашылығы мамандарының іс-тәжірибесімен қолма-қол танысып отырады. Студенттер жуырда Тоқшын, Петропавл, Мамлют асыл тұқымды мал совхозына және бірнеше колхоздарға барып, мал өсірудің жайымен танысты.

Техникум үстіміздегі жылы Петропавл ауданындағы Дмитров атындағы колхозды өздерінің қамқорлығына алған болатын.

Техникумның көркем-өнер үйірмесінің коллективі осы колхозда болып, үш рет концерт қойып берді. «Халықаралық жағдай», «Гоголь орыстың ұлы жазушысы» және басқа тақырыптарда лекциялар оқыды. Онымен бірге техникум қорында колхозшылар үшін 380 кітабы бар кітапхана ұйымдастырып берді. Техникумның 30-дан астам студенті колхоздың 50 тоннадан астам картоп тұқымын іріктен, оны отырғызуға көмектесті.

Техникум басшылары студенттердің мәдени тілектерін қанағаттандыру мәселесін де маңызды жұмыстардың бірі етіп қойған. Студенттер үшін жиі-жиі лекциялар оқылып, концерт қойылып тұрады.

Студенттер спорт өнерімен де белсене шұғылданады. Мұнда кәзір жеңіл атлетика, баскетбол, гимнастика, волейбол командалары бар. Баскетбол командасы қала бойынша үш жылдан бері бірінші орынға ие болып келеді. Басқа спорт командаларының көрсеткіші де жақсы. Оған техникум үйінің кең залында көрнекті жерге ілінген 20-дан астам грамота мен диплом толық дәлел.

—Бұл қол жеткен табыс бізді қанағаттандырмайды, — дейді техникум директоры Капустин жолдас. Елімізге ауыл шаруашылығы мамандарын әрі көп, әрі сапалы даярлау үшін оқу сапасын жақсарту түсіні, әлі де көп жұмыстар істеуіміз керек.

Техникумда бұл міндеттің ойдағыдай орындалатыны сөзсіз. Оған толық мүмкіншілік бар.

**М. ТЫНЫШБАЕВ,**

Техникумның оқытушысы,

несі атынан алғыс айтып, оларға бағалы сыйлықтар берді.

ҚЛЖО облыстық комитеті осы бағалы бастаманы өзінің бюро мәжілісінде қарады. Жастардың бағалы бастамасын облысымыздың комсомолдері мен жастары арасында кеңінен таратуға бағытталған шаралар белгіледі.

**М. ОМАРОВ.**

## Механизаторлардың еңбекақысы өсуде

Чистян МТС-нің коллективі быйыл көктемнің кеш түскеніне қарамастан, көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде, сапалы етіп аяқтап шықты. Механизаторлар өздері жұмыс істейтін колхоздарда еңбек өнімділігін арттыра отырып, бидай егісінің көлемін жаңа жерлер есебінен 2 мың гектардан астам кеңейтті. Картоп, жүгері дақылдарының жоспары да толық орындалып, олардың бәрі шаршы-ұялы әдіспен отырғызылды.

Механизаторлар 15 аттық күші бар әрбір трактормен 200 гектар жер жұмыстады. Олардың аянбай еңбек етуі еңбекақысының көбеюіне мүмкіндік берді. Механизатор Петрова жолдас тек май айының өзінде ғана мың сом ақша тапты. Сол сияқты, механизатор Терехов май айында өткен жылы осы уақыттыңдан төрт есе артық еңбекақы тапты. Ал, осы айдағы еңбегі үшін ол 900 сом ақша алды. Мұндай механизаторлар МТС-те көптеп саналады.

**К. ӨМІРСЕЙТОВ.**

## Жаңа совхоздардың мал шаруашылығы

Жаңа совхоздарда мал шаруашылығын өркендетуге баса көңіл бөлінуде. Кәзір әрбір жаңа совхозда 30 сауын сыйыр, асыл тұқымды бұқалар және мезежіндер бар. Ал, «Интернационал» совхозында бұдан басқа 50 жылқы, 20 жұмыс малы бар.

Совхоздарда ондаған малшылар, сауыншылар, шошқа күтушілер жұмыс істейді. Олар қолдағы малға жеміш әзірлеу үшін шөп шабуға кірісе бастады. Бұл жұмысқа бірнеше өздігінен жүретін кең-алымды шөп машиналары мен кеңалымды трактор тырнауыштар қосылған.

**В. ӨМІРОВ.**

## ҚҰРЫЛЫС БРИГАДАСЫ

Октябрь ауданының Ворошилов атындағы колхозында 10 адамнан құрылған құрылыс бригадасы жұмыс істейді. Бригаданы тәжірибелі колхозшы А. Шәйкенов жолдас басқарады. Ол бригада мүшелері арасында жұмыс уақытын орынды пайдалану арқылы олардың еңбек өнімділігін арттыруына жетісіп жүр.

Колхоз быйыл 120 бастық сыйыр қорасын, 100 бастық төл қора салуды жоспарлаған болатын. Кәзір құрылыс бригадасы бұл қоралардың материалдарын дайындап, оны салуға қызу кірісті. Оған керекті 30 мың кірпіш дайындалған. Әсіресе, Рязанцев, Блохман сияқты бригада мүшелері өздерінің қажырлы еңбектерімен көзге түсіп, басқаларға үлгі көрсетуде.

Ол күнге дейін жоспардың төң жарымы да орындалған жоқ. Мұның басты себебі —механизм қуатының толық пайдаланылмауынан. Мұны дәлелдеуге колхозда жұмыс істеп жүрген Сенякин жолдасын

мағандықтан басқа жұмыс істеуге мәжбүр болды. Бригададағы екі трактор техникалық күтімнің кезінде жасалмауынан бір аптаның ішінде 112 сағат жұмысыз қарап тұрды. Сонымен бірге «ДТ—54»

## Пар жыртыуды аяқтады

Совет МТС-нің Погуляев жолдас басқарған трактор бригадасы Совет ауданындағы «Көктерек» ауылшаруашылық артелінде жұмыс істеп жүр. Бригада мүшелері көктемнің алғашқы күндерінен бастап, өзара социалистік жарысқа түсіп, техниканың қуатын дамы жұмыстарына толық және іскерлікпен пайдаланып келеді. Соның нәтижесінде көктемгі егісті қысқа мерзімде сапалы аяқтап шықты. Механизаторлар колхоз мүшелерімен тығыз ынтымақтаса жұмыс істеп, тың жерге жаздық бидай егу жоспарын артығымен орындады.

Бригада мүшелері көктемгі егіс кезінде қол жеткен табысты баянды ете отырып, келесі жылдың егісі үшін пар дайындауға да зор ұйымшылдықпен кірісті. Олар пар жыртыудың жоспарын қысқа мерзімде, жоғары агротехникалық дәрежеде өткізуге міндеттенген болатын. Алған міндеттемелерін аброймен орындауда. Жоспар бойынша 950 гектар тыңнан пар жыртыуға тиісті болса, ол артығымен орындалды.

Механизаторлар бұл табысқа тракторлардың қуатын пар жыртыу жұмысына өнімді пайдалану, еңбек өнімділігін еселеп арттыру арқылы жетісті.

Тракторшы Коновалов жолдас партияның шақыруымен тың және тыңайған жерлерді игеруге Кубаньнан Совет МТС-не келген патриоттардың бірі. Коновалов

жолдас көктемгі егіс жұмысының басталуынан бері сменалық тапсырмасын үнемі 120-140 процент орындаумен қатар, жанар және жағар майларын үнемдеп келеді. Сол сияқты, тракторшылар Бабченко, Сервин жолдасар да өздерінің сменалық нормаларын толық және артығымен орындап жүр. Мұндай көрсеткіштерге бригаданың басқа механизаторлары да жетісіп келеді. Бұл күндері бригада мүшелері парды жоғары агротехникалық дәрежеде өңдеуде.

Пар дайындау жұмысы «Аралаған» колхозында да қызу жүргізілуде. Мұнда Совет МТС-нің кубандық Попов жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері жұмыс істеп келеді. Механизаторлар көктемде жаздық бидай егісіне деп 600 гектардан астам тың жер дайындаған еді. Бұл жұмысты мерзімінде аяқтап, пар жыртыуға жанап кірісіп, кәзірдің өзінде еңбек өнімділігін күннен күнге арттыруда. Жоспар бойынша бригада келесі жылдың егісіне 700 гектар тыңнан пар дайындауға тиісті болса, мұнда 650 гектарға жуық пар жыртылды.

Пар жыртыуда әсіресе, тракторшылар Захаров, Гончаренко жолдасар игі нәтижелерге жетісіп жүр. Олар тракторлардың қуатын толық пайдалана отырып, өздерінің сменалық тапсырмаларын үнемі 115—120 проценттен орындауда.

**М. СӘДУОВ.**

де ауданның партия, совет ұйымдары мен МТС басшылары аталған кемпіліктерді тез жоятындай шұғыл шаралар қолдануға тиіс.

**Б. СӘЛМЕНОВ.**

## ШЫН ЫНТЫМАҚ

Быйыл Преснов ауданындағы Сталин атындағы колхоздың 2700 гектар пар жыртыу жерек. Колхозшылар Преснов МТС-нің механизаторларымен ынтымағын күшейте отырып, пар жыртыудың қарқынды күн санап өрістетуде. Бұл колхозда МТС-тің 2 трактор бригадасы жұмыс істейді. Бригадалардың құрамында қуатты шынжыр табанды тракторлар бар.

Мұнда пар жыртыу 20 майдан басталды. Содан бері жекелеген тракторшылар пар жыртыуда сменалық тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді. Мәселен, тракторшы Назаров жолдас «С-80» тракторымен өз сменасында үнемі 15-16 гектар тыңайған жер жыртыды. Тракторшылар Шульга, Шледров жолдасар да жоғары көрсеткіштерге ие болды. Бұл тракторшылар 15 аттық күші бар әрбір трактормен 850 гектар жер жұмыстау үшін күресуде.

Тракторшылардың қажырлы еңбегі колхозда кәзірдің өзінде 2050 гектар пардың жыртылуына мүмкіндік беріп отыр. Мұның 1100 гектары тың және тыңайған жерлер.

Бұл колхоздың колхозшылары мен МТС механизаторлары еңбек өнімділігін арттыру арқылы пар жыртыу жоспарын жақындарада орындап шығады. Сөйтіп, жыртылған парды баптап, күту жұмысына ұйымшылдықпен кірісетін болады.

**В. СКИБСКИЙ.**



Октябрь ауданы, Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінде жұмыс істеп жүрген тракторшы В. Кошкин 500 гектардан артық тың жер жыртып. Кәзір ол пар жыртыуда сменалық нормасын үнемі асыра орындайды. СУРЕТТЕ: Ленин атындағы колхозда пар жыртып жүрген тракторшы В. Кошкин.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

# Газет, журналдарды бұқара арасына көптеп таратайық

Еңбекшілер бұқарасын коммунистік рухта тәрбиелеуде советтік баспасөздің ролі орасан зор. Ол қалың бұқара арасында марксизм-ленинизм идеясын насихаттап, Коммунистік партия мен Совет үкметінің қаулы, қарарларын орындау күресіне еңбекшілер бұқарасын кеңінен жұмылдырады. Баспасөз арқылы партиямыз бұқарамен күнбе-күн байланыс жасап отырады.

Коммунистік партияның күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында советтік баспасөз идеясы жағынан да, мазмұны жағынан да өсіп, қуатты күшке айналды. Баспасөз сөзі қалың бұқара арасында, еліміздің алыс ауылдары мен селоларына кеңінен тарауда. Еңбекшілер бұқарасының да газет-журналдарды оқуға деген ынтасы күн санап өсіп отыр. Өйткені, олар баспасөз арқылы Совет үкметінің ішкі, сыртқы саясатын, халықаралық жағдайды, ұлан-байтақ Отанымызда болып жатқан жаңалықтарды оқып, біліп отырады. Жыл сайын газет-журналдарға жазылушылардың саны да көбейіп келеді. Бұл совет адамдарының мәдени тұрмыс дәрежесі мен рухани тілегінің күн санап өсіп отырғандығын айқын дәлелдейді.

Мұны біздің облыстың мысалының өзінен-ақ айқын көруге болады. Өткен жылы облыстық газеттердің тиражы 19 мың дана-еді. Быйыл газет оқушылардың өскелең талабына сәйкес газеттердің тиражы 25 мыңға дейін өсті. Облыстық «Ленин туы» және «Ленинское знамя» газеттері бұрын екі бет болса, енді үнемі төрт бет болып шығып тұратын болды. Сол сияқты, аудандық газеттердің тиражы да жыл сайын көбейіп келеді.

Облысымызда жыл басында еңбекшілер бұқарасы арасында баспасөз тарату ұйымшылдығы өтті. Бұл игілікті іске байланыс орындарымен бірге, жергілікті партия, совет ұйымдары да белсене араласты. Соның нәтижесінде жыл басында бірқатар газет-журналдардың лимиті артығымен орындалды.

Кәзір облысымыздың қолхоздары мен совхоздарында және МТС-терінде еңбекшілерді екінші жарты жылдықта газет-журналдармен қамту, жазылу мерзімі біткен жазылушыларды екінші жарты жылдыққа баспасөзге жазу жұмыстары қызу жүргізілуде. Бірқатар байланыс орындары партия ұйымдарының тікелей көмегімен баспасөз тарату ісінде айтарлықтай табыстарға жетуде.

Соколов ауданының байланыс орындары (аудандық байланыс мекемесінің бастығы Абраменко жолдас) баспасөз таратуды маусымды іс деп санамай, жыл бойы жүргізіп отырады. Мұның өзі айтарлықтай нәтиже беруде. Кәзір аудан бойынша газет-журналдар тарату аяқталуға жуық.

Совет ауданының байланыс орындары да (аудандық байланыс мекемесінің бастығы Оубәкіров жолдас) еңбекшілер арасында баспасөз таратуды үзгілі ұйым-

бөлімшелеріне қатаң талаптар қойып, оның орындалуын бақылауға алып отырмайды. Сөйтіп, баспасөз тарату сияқты маңызды істегі өздерінің жауапкершілігін ұмытпайды. Баспасөз таратудың Мамлют ауданында —30, Октябрь ауданында —43,6, Преснов ауданында —40,6 процент орындалуын тек осы себептермен ғана дәлелдеуге болады.

Әресе, облысымыздың тың және тыңайған жерлерін игеруге келген адамдар арасында баспасөз тарату ісі төзгісіз нашар. Мәселен, Октябрь ауданындағы жаңа ұйымдастырылған 6 совхоздан небары 40 адам ғана облыстық газеттерді жаздырып алады. Ал, Преснов ауданындағы жаңа ұйымдастырылған совхоздардағы механизаторлар арасында бірде-бір дана облыстық газеттер таратылмаған.

Бұған ең алдымен облыстық байланыс басқармасы мен облыстық «Союзпечать» жиналі екенін мойындауымыз керек. Өйткені, олар тың жерлерді игеруге келген адамдар арасында баспасөз тарату ісін дұрыс жолға қоя алмады. Бұл маңызды істегі барлық жауапкершілікті аудандық байланыс мекемелері мен жергілікті байланыс орындарына тапсырып, сонымен барлық жұмысты тыңдырды. Өз шұқсауларының орындалуын тиісті дәрежеде ұйымдастыра алмады.

Еңбекшілерді газет, журналдарға жазу мен істің бітпейтінін байланыс орындары естен шығармауға тиіс. Олар газет оқушыларға газеттер мен журналдарды күнбе-күн табыс етіп отыруға міндетті. Кәзіргі халқымыздың өскелең талабы бізден осыны талап етсе де, бірқатар байланыс орындары бұл міндеттер дәрежесінде жұмыс істей алмай отыр. Мысалға Октябрь ауданының Сергеевка байланыс бөлімшесін алайық. Мұнда келген газет, журналдар газет оқушыларға жеткізілмей, 10—15 күндеп бөлімшеде жатып қалады. Булаев ауданының Успенка, Приешім ауданының Ново-Михайловка байланыс бөлімшелерінде де істің жайы дәл осындай.

Бұл жағдай аудандық байланыс мекемелеріне, оның бастықтары Латышев, Чижов және Нероба жолдастарға өбден мәлім. Алайда, олар еңбекшілердің газет-журналдарды уақытылы алып тұруына бағытталған шаралар қолданбай, дәрменсіздік жасап отыр.

Бірқатар аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары да баспасөз таратуда немәжәтті қарап, бұл жөнінде жергілікті байланыс орындарына қатаң талаптар қоймады. Міне, соның салдарынан жазылу мерзімі өткен, немесе жаңадан жазылысы келгендер газет-журналдарға жазылудан тыс қалуда.

Октябрь, Преснов, Мамлют, Приешім және басқа аудандардың аудандық партия комитеттері де еңбекшілер бұқарасы арасында баспасөз тарату ісіне тиісті дәрежеде көңіл бөлмей отыр. Әрине, мұның өзі баспасөз тарату сияқты маңызды

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ШИЕЛЕНІСТЕРДІ БӘСЕҢДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯҒА СОВЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ЖҮРІП КЕТТІ

18 июньде бірнеше елдердің прогрессивтік қайраткерлер тобының инициативасы бойынша Стокгольмде шақырылатын, халықаралық қарым-қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі халықаралық конференцияға қатысу үшін Совет делегациясы Москвадан Швецияға жүріп кетті. Делегацияны бейбітшілікті қорғаудың Совет комитеті Президиумының мүшесі жазушы А. Е. Корнейчук басқарып барады. (СОТА).

## БЕРЛИН ЕҢБЕКШІЛЕРІ ХАЛЫҚТЫҚ ДАУЫС БЕРУГЕ ӘЗІРЛЕНУДЕ

БЕРЛИН, 14 июнь. (СОТА). Берлиннің еңбекшілері Герман Демократиялық Республикасында «бітім договорын жасау және оккупациялық әскерлерді әкету үшін бе немесе «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор және «жалпы договор» мен оккупациялық әскерлерді 50 жылға қалдыру үшін бе?» деген сұрақ бойынша халықтық дауыс беруді өткізу туралы демократиялық Германияның ұлттық майданы ұлттық советінің ұсынысы мен ГДР үкметінің қарарын зор жігерленгендік сезіммен қарсы алды.

«Нейес дейчланд» газетінің хабарына қарағанда, соңғы бірнеше күнде Берлиннің демократиялық секторының кәсіпорындары мен мекемелерінде, сол сияқты демократиялық Германияның ұлттық майданының Берлиндегі төменгі ұйымдарында 13 мыңнан аса жыйналыстар өткен, оларда еңбекшілер «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорға өздерінің қарсы екендігін бірауыздан білдіріп, алдағы халықтық дауыс беру кезінде өздерінің Аденауэр үкметінің соғыс саясаты мен батыс державалардың Батыс Германиядағы соғыс әзірліктеріне қарсы, Германиямен бітім договорын жасауды жақтап батыл дауыс беретіндігін мәлімдеген.

## ДУНАЙ КОМИССИЯСЫНЫҢ 10-ШЫ СЕССИЯСЫ АЯҚТАЛДЫ

БУДАПЕШТ, 15 июнь. (СОТА). Болгария, Венгрия, Румыния, Совет Одағы, Чехословакия және Югославия қатысатын Дунай комиссиясының 10-шы сессиясы бүгін өзінің жұмысын аяқтады. Сессияның соңғы пленум мәжілісінде Дунай комиссиясы секретариатының аппараты мен жұмыс аппаратының қызмет мерзімдері бекітілді.

Дунай комиссиясының 10-шы сессиясында талқыланған барлық мәселе бойынша бірауыздан қарарлар қабылданды. Дунай комиссиясының келесі сессиясын Будапешт қаласында быйылғы жылы 8 декабрьде өткізу белгіленді.

## ИНДИЯ МЕН ВЕНГРИЯ АРАСЫНДАҒЫ САУДА КЕЛІСІМІНЕ ҚОЛ ҚОЮ

ДЕЛИ, 18 июнь. (СОТА). Дели патна-

## КХР-дың орталық халық үкметі советінде

ПЕКИН, 15 июнь. (СОТА). Газеттерде мынадай хабар жарияланды: 14 июньде Мао Цзэ-дунның председателдік етуімен орталық халық үкметі советінің 30-шы мәжілісі болды. Орталық халық үкметі советінің мәжілісіне орталық халық үкметі советі председателінің орынбасарлары Чжу Дэ, Лю Шао-ци Сун Цзин-ли, Ли Цзи-шэнь, Чжан Лань және Орталық халық үкметі советінің мүшелері Чэнь Юй, Ли Ли-сань, Линь Бо-цзюй, Хэ Сян-нин, Лю Бо-чэнь, Ху Юй-чжан, Пьн Цзжан, Бо И-бо және басқалары қатысты.

Орталық халық үкметі советінің мәжілісі Қытай Халық Республикасының конституциясын жасайтын комиссияның баяндамасын тыңдады. Комиссияның баяндамасында КХР конституциясының жобасын жасағанда комиссияның Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің КХР конституциясының жобасы жөнінде жасаған ұсыныстарын негізге алғаны көрсетілген. Комиссия 23 марттан 11 июньге дейін жұмыс істеді. Орталық

## Қытай Халық Республикасының орталық халық үкметі советінің қарары

ПЕКИН, 15 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігі мынаны хабарлады:

Орталық халық үкметінің советі сәуіреттің 1954 жылғы 14 июньде болған 30-шы мәжілісінде қабылданған қарарды жариялады. Қарарда былай делінген:

1) Қытай Халық Республикасының конституциясын әзірлеу жөніндегі комиссия жасаған «Қытай Халық Республикасы конституциясының жобасын» орталық халық үкметінің советі бірауыздан қабылдап, оны жариялау жөнінде қарар шығарды.

2) Барлық дәрежедегі жергілікті халық үкметтері конституция жобасын бүкіл Қытайда кешіктірмей талқылауды ұйым-

халық үкметі советінің қарауына ұсынылған КХР конституциясының жобасын жасауға 8 мыңнан аса адам: халықтық саяси консультативтік советтің жалпы-қытайлық комитетінің мүшелері ірі өкілшілік аудандарының, провинциялар мен қалалардың, демократиялық партиялардың, қоғам ұйымдарының және қарулы күштердің баспы органдарының жауапты қызметкерлері қатысты.

Мәжілістің барысында сөз сөйлеген Ли Цзи-шэнь, Сун Цзин-лин, Чжан Лань, Хуан Янь-пэй, Чжан Нань-сянь, Ма Сю-лунь, У Лань-фу, Хэ Сян-нин, Чжэнь Шутун, Сайфуддин, Ху Яо-бан, Ли Сы-гуан, демократиялық партиялар мен қоғамдық ұйымдардың және басқа өкілдері КХР конституциясының жобасын бірауыздан мақұлдап, қуаттайтындықтарын білдірді. Бұдан кейін орталық халық үкметі советі КХР конституциясының жобасын бірауыздан қабылдап, кеңінен талқылау үшін КХР конституциясының жобасын жариялау туралы қарар шығарды.

дастыруы, оны халық арасына кеңінен таратуы және халықтың конституция жобасын жақсартуға бағытталған ұсыныстарды белсенді түрде енгізуіне жетуі тиіс.

3) Қытай Халық Республикасының конституциясын әзірлеу жөніндегі комиссия өзінің жұмысын онан әрі жүргізе беруді, ұсыныстарды жыйнастырып, оларды зерттеуі тиіс. Ол конституция жобасын түзету жұмысын бірінші сайланған халық өкілдерінің бүкілхалықтық жыйналысының бірінші сессиясына дейін аяқтап, бұл жыйналысқа конституция жобасы туралы мәселе бойынша баяндама тапсырады,

## БҰҰ-ның Хауіпсіздік Советінде

НЬЮ-ЙОРК, 17 июнь. (СОТА). Кеше Хауіпсіздік Советінің мәжілісінде Тайланд делегатының Советтің председатели атына жолдаған хаты онан әрі қаралды. Тайландтың делегаты Индо-Қытайдағы жағдайға көңіл бөлуге ұсынады, бұл жағдай Тайланд үкметінің көзқарасы бойынша, «Тайландтың хауіпсіздігіне қатер» болып табылады-мы және «халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікті сақтауға қатер төндіруі мүмкін».

Тайландтың делегаты АРШ-тың мемлекеттік секретары Даллестің көзқарасын қуаттады; ал, Даллестің бейбітшіліктің сақталуына бақылау жасау үшін Индо-Қытай ауданына БҰҰ-ның көмекші комиссиясын жіберуді жақтап сөйлегені жұртшылыққа мәлім. Тайландтың делега-

ты советтің қарауына осындай көмекші комиссияны құру туралы қарардың жобасын ұсынды.

Құрама Штаттардың, Англияның, Туркияның, Жаңа Зеландияның өкілдері мен гоминдандық өкіл Тайланд қарарының жобасын жақтады.

БҰҰ-ның журналистер топтарында, Тайланд ұсынған қарардың жобасын АҚШ-тың мемлекеттік департаменті жақсады және ол АҚШ-тың Индо-Қытай істеріне араласуын БҰҰ-ның атымен бүркемелеу мақсатын көздейді деп көрсетуде.

Хауіпсіздік Советінің талқыланған отырған мәселе жөніндегі келесі мәжілісін 18 июньде өткізу белгіленді.

## БҰҰ секретариатының 1952-1953 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық жағдайы туралы баяндамасы

НЬЮ-ЙОРК, 16 июнь. (СОТА). Бірік-

## Спорт жаңалықтары

Облысымыздың спортшылары арасында спорттың әрбір түрінен облыс бойынша чемпион атағын алу жарысы қызу жүргізілуде. Облыстық УП спартакиаданың екінші күні өзенді атлетикашылардың жарысы болып өтті. Ерлер арасында 100 метрлік жаю жүгіру жарысында «Динамо» спорт қоғамының спортшысы Бурсев бірінші болып келіп, осы қалықтық бөлімше облыс чемпионы деген атаққа ие болды. Қазақ ССР-нің чемпионы Федина мен қала чемпионы Емельченконың арасындағы жарыс өте қызықты өтті. Бұл жарыста «Искра» спорт қоғамының спортшысы Фединана 100 метр қашықтықтан 14 секундте келіп, бірінші орынға ие болды. Ал, «Локомотив» қоғамының спортшысы Емельченко одан 0,1 секунд кеш келді.

Бұдан кейін диска лақтыру жарысы басталды. Мұнда облысымыздың рекордшысы Акушев дисканы 34 метр 86 сантиметр, Бельев 34 метр 25 сантиметр, ал, Володин 34 метр 5 сантиметр жерге лақтырып, өздерінің спорт жөніндегі шеберліктерін көрсетті.

«Искра» қоғамының спортшысы Бурковский 5 метр 70 сантиметр ұзындықтан секіріп, бірінші орынға, Конохов ауданының спортшысы Урванцев 5 метр 46 сантиметрден секіріп, екінші орынға ие болды.

400 метрлік жаю жүгіру жарысында қаладағы механикалық техникумының спортшысы Никитина бірінші орынға ие болды. Ал, 5 мың метрлік жарыста динамошы Овчинников алғұ келді.

Командалардың арасындағы эстафета жарысы спортшылардың белсене қатысуымен өтті. Әйелдердің эстафета жарысында «Локомотив» спорт қоғамының спортшылары, селолық командалар арасындағы жарыста Октябрь ауданының командасы бірінші орындарды жеңіп алды. Ерлер арасындағы жарыста динамошылар бірінші орынды, «Искра» спорт қоғамының командасы мен Октябрь ауданының командасы екінші, үшінші орындарды бөліп алысты.

Боксерлер арасындағы жарыс екі күнге созылды. Мұнда бірінші раундта спортшы Подопригора бірінші разрядші Фисенконы жеңді. Сол сияқты, боксер Федоров бірінші разрядші Зундштремли, ал, Васильев бірінші разрядші Москаленконы жеңіп шықты. Жеңіл салмақты Әлжанов, жеңіл салмақты Ипполитов, жартылай жеңіл салмақты Нечуй-Ветер және басқалары бөке бойынша облыс чемпионы атағын алды.

Волейбол алаңында Октябрь, Булаев аудандарының әйелдер командалары кездесті. Жарыс 2:0 есебімен Октябрь ауданының спортшыларының жеңісімен аяқталды. Олардың барлығы дерлік облысымыздың тың және тыңайған жерлерін игеруге келген қыздар.

Являшка жолының үстінде мотоциклшілер мен велосипедшілердің жарысы өткізілді. 100 километрлік мотоциклшілер жарысында «Искра» командасының спортшысы Шепелев 1 сағат 9 минут 18,5 се-

дастырды. Ауданның туболька, қызыл совхозындағы байланыс бөлімшелері баспасөз таратуды толығынан аяқтады. Ал, ауданның басқа байланыс бөлімшелері де бұл игі істі ойдағыдай аяқтап келеді.

Алайда, облыстың көптеген аудандарында істің жайы бұлай болмай отыр. Бірқатар аудандық байланыс мекемелері мен жергілікті байланыс орындары баспасөз таратуды маусымды жұмыс деп санайды. Оған тек жыл басында, не екінші жарты жылдықта еңбекшілердің газет-журналдарының мерзімі өткен кезде ғана көңіл бөледі.

Мұндай жағдай, Мамлют, Октябрь, Преснов, Приешім аудандарында орын алуда. Аталған аудандардың байланыс мекемелері өздерінің жергілікті байланыс

іске немқетті қарағандық болып табылады.

Жергілікті байланыс орындары баспасөз тарату ісіндегі кемшіліктерді шұғыл жойып, осы жылдың 25 июніне дейін өздеріне берілген лимиттің орындауын қамтамасыз етуге міндетті. Міне, сонда ғана, біз Коммунистік партия қойып отырған талаптарға сай жұмыс істеп, еңбекшілер бұқарасының газет-журналдарды оқуға деген өскелең тілегін аброймен орындай аламыз.

**В. АЛЕКСАНДРОВСКИЙ,**

**Облыстық байланыс басқармасының бастығы.**

**Г. КАРТАШОВ,**

**Облыстық «Союзпечать»-тің бастығы.**

## Мұғалімдер білімдерін жетілдіруде

Облыстық оқу бөлімі мен мұғалімдердің білімін жетілдіру институты жыл сайын мұғалімдердің бір айлық курсын өткізіп тұрады. Мұндай курстар педагог кадрларымыздың теориялық және методикалық білімдерін толықтырып, мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Өткен жылы мұндай жазғы курстарды облысымыздың көптеген мұғалімдері бітіріп, орта, жетіжылдық және бастауыш мектептерге сабақ берді.

Мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында жылдағыдай быыл да бір айлық курс өзінің жұмысын бастады. Онда облыс мектептерінің 120 мұғалімі оқып, өздерінің теориялық және методикалық білімдерін жетілдіруде. Бұл курстарға қаладағы Ушинский атындағы мұғалімдер институтының оқытушылары және

қала мектептерінің жоғары білімді тәжірибелі мұғалімдері сабақ беруде. Олардың ішінде мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының директоры Калинин, методистер Ерзакович, Семенов және басқа жолдастар бар.

Мұғалімдердің білімін жетілдіру курстары екі маусымда жұмыс істейді. Бірінші маусым 5 июньден 1 июльге дейін. Бұл аралықта бастауыш мектептердің мұғалімдері оқиды. Ал, екінші кезеңде жетіжылдық мектептердің тіл, физика, математика, биология пәндерінің мұғалімдері және мектеп басшылары оқып, өздерінің білімдерін жетілдіреді. Бұл курстар мектептердегі сабақтың сапасын жақсартуға, мұғалімдердің теориялық, методикалық білімдерін жетілдіруде, сөз жоқ, көп пайда келтіреді.

**Е. ҚАЙРАТОВ.**

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

### Жазылған қағаз көп, нәтиже жоқ

Совет ауданындағы Ивановка селолық тұтынушылар қоғамының бұрынғы дайындаушысы Әнуэр Низамидинов дейтін колхоз орталығынан дайындау орындарына деп сатып алған екі мал үшін 1204 сом ақшаны төлемей кетті. Колхоз басқармасы бұл ақшаны өндіріп беруді сұрап, 1952 жылғы 10 август күні Совет аудандық халық сотына арыз берді.

Халық соты өзінің № 0724 санды қатнастар қағазында Низамидинов колхоз малын өзі пайдаланған, бірақ, оның көзінше кезде Полудень ауданында тұруына байланысты, іс сол аудандық сотқа жіберілді деп хабарлады.

Ал, Полудень аудандық халық соты бұл істің тағдыры туралы колхозға хабарлауды да қажет етпеген соң, Солтүстік Қазақстан облыстық прокурорына 1953 жылдың декабрінде № 54 санды хат жазып, көмек сұрады.

«Бұл істің тез бітуіне облыстық халық соты тікелей көмек жасайды» деген облыстық прокурордың хабарын тез алдық. Ама! не, көп жазған қатнастарымыздан ешбір нәтиже шықпады. Облыстық халық соты міндетті өздерінен тез ау-

дарын тастауға асықты. «Полудень аудандық бірінші участкалық халық сотына істі қарауды тапсырдық. Низамидиновтың қылмысты ісі аудандық халық сотында қаралып, колхоз ақшасы да өндіріліп беріледі» деген хабар 1954 жылдың февраль айында № 1—74 санды қатнаспен тағы да келді.

Колхозға беріспек, жалғыз Низамидинов ғана емес. Бұл сыяқтылар оңдап саналады. Өткен жылдағы колхоздың Совет аудандық прокурорына берген шағымы бойынша Совет аудандық халық соты «Красный полтавец» колхозынан 9580 сом, ал, осы колхоздың мүшелерінен 6461 сом өндіріп беруге тиісті еді. Бұл заң орнына да арыз бергенімізге екі жылдан асса да ешқандай нәтиже болмай отыр.

Заң орнының қызметкерлері колхозға құшақ-құшақ қатнас қағаздар жазуы тиісін, колхоз мүддесін қорғау ісіне қашан кіріскен екен?

**А. МҰҚАШЕВ,**

**Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының председатели.**

сының хабарына қарағанда, мұнда Индия мен Венгрия арасындағы сауда келісіміне қол қойылған. Индия Венгрияға ауылшаруашылық азық-түліктерін және тоқыма бұйымдарын, ал, Венгрия Индияға машина жабдықтарын беретін болады.

### ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙ МЕН БИДОНҢ КЕЗДЕСУ

ПЕКИН, 18 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Женевадан берген хабарына қарағанда, кеше Женева келісіндегі Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лай мен француз сыртқы істер министрі және француз делегациясының басшысы Жорж Бидонның кездесуі болған.

### ФРАНЦИЯ ХАЛҚЫ «ЕВРОПАЛЫҚ ҚОРҒАНЫС БІРЛЕСТІГІН» ТІЛЕМЕЙДІ

ПАРИЖ, 18 июнь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі ұлттық жыйналысының ұлттық қорғаныс жөніндегі комиссиясы «Европалық қорғаныс бірлестігін» жасақтау туралы договорды бекітуден бастартуды ұсынған генерал Кенни баяндамасының қорытындыларына 13 адам қарсы, 2 адам бейтарап қалған жағдайда 29 адам мақұлдап дауыс берген.

Ұлттық жыйналыстың сыртқы істер комиссиясы 9 июньде Жюль Моктың баяндамасын мақұлдағандығы мәлім, Жюль Мок те баяндамасында бұл договорды бекіту жобасын мақұлдамай тастауды ұсынған болатын.

### ЧЕРЧИЛЬ МЕН ИДЕННІН ВАШИНГТОНҒА БАРУЫ ТУРАЛЫ «ТАЙМС» ГАЗЕТИНІҢ ПІКІРІ

ЛОНДОН, 18 июнь. (СОТА). «Таймстың» Вашингтондағы тілшісі Черчилль мен Иденнің Вашингтонға баруы туралы былай деп жазады: «екі мемлекеттің арасындағы қайшылықтар, көзір ашық танылып отырғандықтан әлде қайда күрделі екендігі айқын және ол қайшылықтар Оңтүстік-Шығыс Азияда бірлесіп қиймыл жасау туралы келіссөздер жүргізудің уақыты туралы мәселе сыяқты атүсті алынған мәселеге ғана байланысты болып отырған жоқ. Мұнда, европалық мәселелерді есепке алмағанда да келісімге келген мәселелердің өзінде де елеулі қайшылықтардың бар екендігін және ол қайшылықтардың көпшілігін жою оңайға соқпайтындығын топшылайды».

### МЕНДЕС-ФРАНСТЫҢ ӨКІЛДІГІН БЕКІТУ

ПАРИЖ, 18 июнь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі министрлер советінің председатели қызметіне Мендес-Франстың өкілдігін бекіту туралы Францияның ұлттық жыйналысында дауыс берудің қорытындысы хабарлайды: өкілдікті бекітуге 419 адам дауыс берді (конституция бойынша қажетті көпшілік 314 дауыс), 47 адам қарсы, 143 адам бейтарап қалды.

Сонымен Мендес-Франстың өкілдігі бекітілді.

Улттар Ұйымының секретариаты «1952—1953 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық жағдай туралы баяндама» басып шығарды. Баяндаманың авторлары кейбір елдердің экономикасында, халықаралық саудада, сондай-ақ 1950—1953 жылдар кезіндегі халықаралық есеп айырысу саласында болған басты-басты өзгерістерді талдамақшы болған, мұнда 1952—1953 жылдарға ерекше назар аударылған.

Баяндамаға қосымша ретінде Орта-Шығыста соңғы кезде болған экономикалық өзгерістер туралы қысқаша есеп және соңғы кезде Африкада болған экономикалық өзгерістер туралы қысқаша есеп басылып шыққан.

Баяндаманың бірінші бөліміне негізінен мына үш топтағы елдердің экономикалық жағдайында болған өзгерістерге талдау жасалған: «Жеке инициативаға негізделген экономикасы өркендеген елдер, шаруашылықты жоспармен жүргізетін елдер және «жеке инициативаға» негізделген, экономикасы нашар өркендеген елдер. Баяндамада келтірілген мәліметтер, дағды бойынша, ресми үкіметтік есеңдерден алынған.

Капиталистік дүние елдерінің экономикасын сипаттай келіп, баяндаманың авторлары былай деген: «1953 жыл көп жағдайда дүниежүзілік шаруашылық ісін

жылдардың өрі болды». «Алайда, баяндамада мұнан өрі «1953 жылғы байқалған жақсы жағдайлардың едәуір бөлегі уақытша ғана сипатта болды және негізгі проблемалар шешілмеді» деп мойындалған.

Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының және Шығыс Еуропаның халықтық демократия елдерінің экономикалық жағдайына тоқтай келіп, баяндаманың авторлары былай деген: бұл елдерде жүзеге асырылып жатқан экономикалық саясат өнеркәсіпті «алдағы 2-3 жылдың ішінде халықты көпшілік тұтынатын товарлармен жабдықтауды тез арттыруға жететіндей» етіп ұлғайтуға және өркендетуге бағытталған. «Шығыс Еуропаның барлық елдеріндегі өнеркәсіп өндірісі, — делінген баяндамада, — 1953 жылы тез қарқынмен өсуде болды». Совет Одағы еңбекшілерінің әл-ауқатының жақсаруда екені туралы айта келіп, баяндаманың авторлары былай деп жазған: тұтыну товарларымен жабдықтаудың жақсаруы бөлшек сауданың бағасын көміту, заемдар мен салықтарды азайту, шаруалардан сатып алынатын товарлардың бағасын едәуір арттыру және жал-ақыны арттыру нәтижесінде халықтың нақтылы табысының артуымен қатар жүргізілді.

## Жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салынсын!

ДЖАКАРТА, 15 июнь. (СОТА). Бүгін Индонезияның денсаулық сақтау министрі Ликатеннің мәлімдемесі жарияланды, министр Құрама Штаттардың Тынық мұхитта жуырда сутегі қаруын сынауы салдарынан Индонезияға хауіп төнгенін көрсеткен.

Бейбітшілікті жақтаушылардың Индонезия ұлттық комитетінің мүшесі, белгілі қоғам қайраткері профессор Пурбодининград мәлімдеме жариялап, онда Индонезия халқының жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салу туралы Азия мен Европа халықтарының шын мәніндегі хауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің талапта-

### Чилидің Гватемаланы қорғап шығуы

БУЭНОС-АЙРЕС, 18 июнь. (СОТА). Чили баспасөзі Гватемаланы қорғау қозғалысы және гватемал халқына тілектестік білдіру Чилиде кеңінен өріс алуда деп хабарлайды. Чили жұртышылығы, конгресс мүшелері, кәсіподақтар ұйымдары, саяси партиялар, еңбекшілер Гватемаланы қорғауды жақтап, Латын Америкасының елдері жөніндегі Құрама Штаттардың басқыншылық ниеттерін әшкерелеуде.

Чилидің социалистік партиясы мәлімдеме жариялап, онда Гватемалаға қарсы әзірленіп отырған басқыншылықты бүкіл американдық континентіне хауіп төндіру деп бағалайды.

Чилидің еңбек партиясының мәлімде-

рып қуаттап отырғанын айтқан. «Женева кеңесін, деп көрсетілген мәлімдемеді, біз Индонезия мен басқа елдер үшін өте маңызды көлес деп есептейміз. Біз бейбітшілікті тілейміз және барлық шетел әскерлерінің Азиядан өтетілуін тілейміз». Пурбодининград Индонезия бейбітшілікке ұмтылып отыр, сондықтан әл Құрама Штаттардың топтастырып жатқан барлық соғыс блоктарын қабылдамайды, деп атап көрсеткен.

Бейбітшілікті жақтаушылардың Индонезия ұлттық комитетінің мүшесі инженер Сетиади жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салынуын талап еткен.

месінде Гватемалаға қарсы әзірленіп отырған басқыншылық—экономикалық бостандық үшін күресіп отырған гватемал халқының дақты күресін түншықтыруды көздеп отырған солтүстік американдық империалистерінің «ғалау әрекеті» болып табылады делінген.

Чили еңбекшілерінің біртұтас кәсіподақтар орталығы Чилидің барлық еңбекшілерінің атынан Гватемалаға қарсы әзірленіп отырған интервенцияға қарсы шығып, Гватемала еңбекшілеріне тілектестік білдіреді. Гватемала жөніндегі Америка Құрама Штаттарының саясаты талқылаған арнаулы мәжілісте Чили депутаттарының палатасы Гватемаланы қорғаудың комитетін құрған.

спорт қоғамының спортшысы Ставцев, үшінші орынды «Энергия» спорт қоғамының спортшысы Тарелкин жеңіп алды. 50 километр қашықтықтан болған жарыста ерлер командасынан «Искра» спорт қоғамының спортшысы Портье бірінші орынды, динамошы Перреушии екінші орынды жеңіп алды.

\* \* \*

Спартакиаданың үшінші күні ерлер командасы арасындағы волейбол жарысы болып өтті. Преснов, Конихов аудандарының волейболшылары кездесті. Жарыстың қорытындысында Преснов ауданының командасы конюховтықтарды жеңді. Ал, «Искра» спорт қоғамы Преснов ауданының командасын жеңіп шықты. Волейбол жарысы бойынша бірінші орынға «Искра» спорт қоғамының командасы, екінші орынға Преснов ауданының командасы ие болды.

«Энергия» стадионында «Энергия» спорт қоғамының спортшылары мен Октябрь ауданының футболшылары кездесті. Футбол жарысы 5:0 есебімен «Энергия» командасының жеңісімен аяқталды.

Қазақша күресе Оспанов (Ленин ауданы), Палицин (Ленин ауданы), Тимшенев (Булаев ауданы), Сұлтанов (Октябрь ауданы), Елеуісов (Конихов ауданы) скарыстың бұл түрі бойынша өздерінің тамаша спорт шеберліктерін көрсетті.

Қазақша күресе бойынша бірінші орынды Ленин ауданының спортшылары, екінші, үшінші орындарды Октябрь, Булаев аудандарының спортшылары жеңіп алды.

**А. ЯРХО.**

**Бірінші категориялы судья.**

**Редактор Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## Киноларда

### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

**«ЕРЛІК МЕКТЕБІ»**

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

### «ОКтябрь» КИНОТЕАТРЫНДА

**«БАЙ МЕН БАТРАҚ»**

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Октябрь ауданына барып жұмыс істеу үшін жалпы жабдықтаушы, техникалық жабдықтаушы қызметкерлер, құрылысшы инженерлер мен техниктер, бухгалтерлер, есепшілер, қойма менгерушілері, фельдшерлер, медициналық сестралар, механиктер, нормировщиктер керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Петропавл қаласы, Ульянов көшесі, 41-үйге келіп түсінік алуға болады.